**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**Экономика және құқық факультеті**
**Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг кафедрасы**

# ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
# 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

**АҚТӨБЕ, 2025**

**Элективті пәндер каталогы** (Қабылдау жылы: 2025 жыл)

**ББ шифры және атауы: 6В04105 Мемлекеттік және жергілікті басқару**

| № | Пән атауы | Оқытудың мақсаты | Қысқаша сипаттама | Пререквизиттер/ Постреквизиттер | Дублин дескрипторлары |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-курс** | | | | | |
| 1 | Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі) | Білім алушылардың қаржы және қаржылық сауаттылықтың тұжырымдамалық ережелерін зерделеу, кәсіпкерлік ойлауды және өз бизнесін дамыту бойынша базалық дағдыларды қалыптастыру, студенттердің құқық негіздерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мінез-құлықты, сондай-ақ экология мен тіршілік қауіпсіздік негіздерін игеруі. | Модуль пәндері қаржы өнімдерін тұтыну кезінде туындайтын мәселелердің ықтималдығын азайту мақсатында қаржылық сауаттылық бойынша, кәсіпкерлік қызмет негіздері, экономикалық ойлауды қалыптастыру және өз ісін құру, құқық негіздері, құқықтық өзін-өзі тануды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, экология және экологиялық мәдениет негіздері, тіршілік қауіпсіздігі бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын игеруіне арналған. | **Прекреквизиттер:** Қолданбалы экономика. Дүниежүзі тарихы. География. Математикалық сауаттылық.<br><br>**Постреквизиттері**: Қазақстан тарихы. Әлеуметтік-саяси білім. Ұлттық руханият. | А) Әлеуметтік, ұлттық, рухани құндылықтарды және экологиялық мәдениетті демонстрациялайды, жоғары патриоттық сана мен толеранттылықты танытады.<br><br>В) Қоғамдағы және кәсіби этика нормаларын сақтайды, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады, өз өкілеттігі шеңберінде тиісті басқару шешімдерін қабылдайды, олардың нәтижесіне жауап береді.<br><br>С) Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады. D) презентацияны әртүрлі аудиторияға құрылымдап, бейімдейді, ойын аргументтейді, контрагентті тыңдап, ымыраға келеді; өзгелерді тыңдап, сындарлы пікір алмасады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жанжалдарды шеше біледі; қиын мәселелерді немесе дағдарыстық жағдайларды талқылау кезінде нақтылық пен сабырлылықты сақтайды; құқықтық мәдениет пен қоғаммен қарым-қатынас тәсілі ретінде диалогқа қабілетті болады; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бағдарламаларды әзірлейді, диалог жүргізе алады; Несиелердің, инвестициялардың талаптарын талқылай біледі, банктермен, кредиторлармен және серіктестермен тиімді уағдаласады. Дұрыс кеңестер мен қолдау көрсету үшін басқа адамдардың қаржылық мәселелерге қатысты сұрақтары мен күмәндерін мұқият тыңдай біледі. Қаржылық мәселелерді адал және ашық талқылай біледі. Қаржылық шешімдердің тәуекелдері мен пайдасын түсіндіре алады. Адамдарға инвестициялардың, несиелердің, сақтандырудың және басқа қаржы құралдарының ықтимал тәуекелдері мен пайдасын түсінуге көмектеседі.<br><br>Е) Қаржылық, экологиялық, құқықтық, кәсіпкерлік саласындағы білімдерін жетілдіруге ұмтылады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін дамытады, аталмыш салалардағы жаңа технологияларды игеруге бейім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | болады. |
| 2 | Экономикалық теория | | «Экономикалық теория» курсы аясында экономикалық заңдылықтардың негізгі мәселелері, оның ішінде экономиканың қалыптасу кезеңдері қарастырылады. Сонымен қатар, курс микроэкономика және макроэкономика саласында іргелі білімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді және студенттерге практикада қолдана отырып, әртүрлі экономикалық бағыттардың рөлін түсіну үшін қажет практикалық дағдылар жүйесін қалыптастырады. Бұл курсты оқыту оқытудың мынадай белсенді әдістерін қолданумен қатар жүреді: дәріс-презентация, тренинг, дискуссиялық талқылау, бизнес-жоба, кейстік әдіс. | **Пререквизиттер:** ЖББМ пәндері (Дүниежүзі тарихы, география, құқық негіздері, қолданбалы курстар, т.б.)<br><br>**Постреквизиттер:**<br><br>Қаржы негіздері, Маркетинг, Мемлекеттік қызмет, Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану | А) Экономикалық теорияның негізгі ұғымдары, заңдылықтары мен категорияларын біледі; Нарықтық экономиканың жұмыс істеу тетіктерін және оның негізгі субъектілерін түсіндіре алады; Экономикалық мектептер мен бағыттардың теориялық негіздерін сипаттайды;<br><br>В) Теориялық білімдерді нақты экономикалық жағдайларды талдауға қолдана алады; Нарықтағы сұраныс пен ұсыныс, баға түзілу, өндіріс шығындары сияқты үдерістерді модельдей алады; Экономикалық деректерді талдап, шешім қабылдауға қажетті қорытындылар жасайды.<br>Басқару процесін зерттеп, талдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік басқарудың типтерін, формаларын, әдістерін және жүйесін біледі;<br>мемлекеттік басқару және экономиканы реттеу саласында заманауи әдістерді, принциптерді және технологияларды қолдана алады;<br>С) Экономикалық құбылыстар мен үрдістерді сыни тұрғыда бағалай алады; Әртүрлі экономикалық саясаттардың артықшылықтары мен шектеулерін талдайды; Экономикалық мәселелерді шешудің баламалы жолдарын негіздей алады. Ел мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамуына талдау жасайды, экономиканың түрлі салаларының даму үдерістері бойынша тұжырым жасайды, микро-макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың, бюджетті жоспарлаудың және бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың, ел және аймақ дамуының стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларын әзірлеудің заманауи әдістерін игереді;<br>D) Экономикалық талдау нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде сауатты жеткізе алады;<br>Командада жұмыс істей отырып, экономикалық пікірталастарға белсенді қатысады; Экономикалық терминологияны кәсіби деңгейде қолданады.<br>E) аналитикалық ойлайды, абстракциялауға қабілетті, экономикадағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінеді, экономикалық мәліметтерді талдау үшін математикалық және статистикалық әдістерді қолдана алады, әртүрлі экономикалық модельдер мен теорияларды бағалау үшін сыни тұрғыдан ойлайды, практикалық мәселелерді шешу үшін экономикалық құралдарды пайдалануға дағдылы. Экономикалық теория саласындағы жаңа ақпараттарды өздігінен меңгере алады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ғылыми мақалалар мен статистикалық деректермен жұмыс істей біледі; Болашақ кәсіби қызметте экономикалық білімін үздіксіз жетілдіруге дайын болады. |
| 3 | Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде) | | Білім алушылар басқару ғылымының негіздерін, іскерлік қарым- қатынас принциптерін зерделейді, ағылшын тілінде хабарларды сауатты жазуға үйретіледі. Курс мемлекеттік қызмет теориясының негіздерін, мемлекеттік қызметке қабылдау ерекшеліктерін зерттейді. Білім алушылар түрлі ақпарат көздері арқылы мемлекеттік қызмет, мемлекеттің құрылу негіздері мен ерекшеліктері бойынша шет елдердің тәжірибесін зерттеп, оларға өзбетімен салыстырмалы талдау жасауға, ойларын қорытындылауға үйренеді. Болашақ мемлекеттік қызметші ретінде стандартты емес шешімдер қабылдауға бейімделеді. | **Пререквизиттер:** Шетел тілі, Экономикалық теория<br><br>**Постреквизиттер:** Мемлекеттік басқару теориясы, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызмет | А) "Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығының мәнін, пәнін және міндеттерін біледі; мемлекеттік және жергілікті басқарудың негізгі категорияларын, ұғымдары мен принциптерін түсінеді, олардың ағылшынша баламаларын біледі; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымы мен функциялары туралы біледі;<br>В) алған білімдерін мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін талдау үшін қолданады; мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы практикалық міндеттерді шешу үшін базалық теориялық ережелерді пайдаланады; билік органдарының қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік базаны басшылыққа алады; басқару шешімдерін дайындау және қабылдау кезінде басқару процестері туралы білімді қолданады; алған білімдерін арнайы пәндерді әрі қарай зерделеу және кәсіби даму үшін пайдаланады;<br>С) Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды<br>D) Іскерлік қатынасты жүргізеді, сауатты хат жаза біледі, шет тілдерін біледі, сөйлеу мәдениетін меңгереді, қоғаммен байланысты орнатады;<br>E) мемлекеттік және жергілікті басқару бойынша оқу және ғылыми әдебиеттерді өз бетінше іздеуді, іріктеуді және талдауды біледі; сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын және басқарудың әртүрлі тәсілдерін бағалау қабілетін дамытады; алған білімдері мен дағдыларын кәсіби пәндерді одан әрі тереңдетіп оқу үшін қолдана алады. |
| **2-курс** | | | | | |
| 4 | Маркетинг | Болашақ мамандардың маркетингті пайдалану бойынша терең теориялық білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ өнімдер мен қызметтер нарығы жағдайында практикалық дағдыларды қалыптастыру. | "Маркетинг" курсы шеңберінде маркетингтік зерттеулер негіздерін қоса алғанда, маркетингтік тетіктің мәнін көрсететін негізгі мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, курс кәсіпорынды маркетингтік басқару саласында іргелі білімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді және студенттерге тауарлар мен қызметтерді жылжыту әдістерінің рөлін түсіну, практикада қолдана отырып, әртүрлі маркетингтік зерттеулердің тұтас кешенін қолдану үшін қажет практикалық дағдылар жүйесін қалыптастырады. Бұл курсты оқыту оқытудың мынадай белсенді әдістерін қолданумен қатар жүреді: дәріс-презентация, тренинг, дискуссиялық талқылау, бизнес-жоба, кейстік әдіс. | **Пререквизиттер**: Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері), Экономикалық теория<br><br>**Постреквизиттер:** Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік-жеке әріптестік | A) Фирма қызметіндегі инновациялық маркетингтік стратегияларды жасауды және экономикалық негіздеуді үйренеді;<br>B) Инновациялық цифрлық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып кешенді маркетингтік зерттеулерді жүргізеді және оның нәтижелерін маркетинг жоспарларын дайындауда негізгі ресурс ретінде қолдануға дағдыланады; Түрлі қызмет сфераларында құзыретті шешім дайындау үшін маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері салаларындағы базалық білім мен дағдыларды қолданады;<br>C) Тауар, баға, өткізу, коммуникация саясатын жасаудың технологияларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | игереді; Мемлекеттік қызмет көрсетуде эмпатия мен стандартты емес ойлау көмегімен клиентке бағдарлану және нәтижелік қағидаларын ұстанады, қоғамдық қажеттіліктер үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жоспарлайды және ұйымдастырады;<br>D) Тауарлар мен қызметтерді жылжытудың стратегияларын, бренд өнімдерді жасауды, тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеуді, компанияның имиджін құруды тиімді басқара біледі;<br>E) Компанияның нарықтағы өзгерістерге жедел икемделуін қамтамасыз ететін тетіктерді пайдаланудың құзыреттіліктеріне ие болады. |
| 5 | Статистика | Статистика пәні білім алушыларға статистикалық әдістер мен техникаларды түсінуге, деректерді жинау, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға бағытталған. Аталған пәннің мақсаты – білім алушыларға статистикалық ақпаратты тиімді пайдалану, мемлекеттік және жергілікті басқаруда статистикалық деректердің рөлін түсіну. | Курстың мақсаты-жаппай әлеуметтік құбылыстар мен процестердің сандық жағымен байланысты статистикалық әдістер мен әдістерді, заңдылықтары мен даму тенденцияларын зерттеу. Әлеуметтік динамиканы зерттеудегі статистикалық көрсеткіштерді талдау, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін зерттелетін құбылыс көрсеткіштерінің өзгеруіне факторлардың әсерін бағалаудың теориялық негіздері қарастырылады. | **Пререквизиттер**: Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері), Экономикалық теория<br><br>**Постреквизиттер:** Макроэкономика, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар | A) Статистиканың негізгі ұғымдары, әдістері мен көрсеткіштерін біледі; Мәліметтерді жинау, өңдеу, топтау, талдау және интерпретациялау қағидаттарын түсінеді; Әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды сипаттауда статистиканың рөлін түсіндіре алады;<br>B) Нақты деректерге статистикалық әдістерді қолдана алады; Орташа шамаларды, дисперсияны, вариация коэффициентін, корреляция және регрессия көрсеткіштерін есептей алады; Статистикалық бағдарламалық құралдарда (мысалы, Excel, SPSS) деректерді талдай алады;<br>C) Статистикалық ақпараттың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сапасын және сенімділігін бағалай алады; Зерттеу нәтижелерін сыни тұрғыда талдап, қорытынды жасайды; Экономикалық және әлеуметтік шешімдер қабылдауда статистикалық дәлелдерге сүйене алады. Ел мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасайды, экономиканың түрлі салаларының даму үдерістері бойынша тұжырым жасайды, микро-макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың, бюджетті жоспарлаудың және бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың, ел және аймақ дамуының стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларын әзірлеудің заманауи әдістерін игереді;<br>D) Мемлекеттік және жергілікті басқаруда статистикалық ақпаратты тиімді пайдалана алады; Статистикалық талдау нәтижелерін кесте, график, диаграмма түрінде сауатты ұсына алады; Командада жұмыс істей отырып, талдау қорытындыларын дәлелді түрде қорғай алады;<br>Кәсіби терминологияны қолдана отырып, статистикалық ақпаратты ауызша және жазбаша жеткізе алады;<br>E) Статистикалық талдау бойынша білімін өздігінен жетілдіре алады; Жаңа әдістер мен цифрлық құралдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | меңгеруге қабілетті; Болашақ кәсіби қызметте статистикалық деректермен жұмыс істеуге дайын болады. Экономикалық, микроэкономикалық, әлеуметтік маңызды мәселелерді модельдеуді және статистикалық зерттеулердің нәтижелерін бағалап, оларды практикалық шешімдер қабылдауда қолдана алады. |
| 6 | Қаржы негіздері | Қаржы категорияларын, ұғымдарын, терминдерін, олардың сыныптамасын, әлеуметтік - экономикалық үдерістегі орнын игеруде студенттердің теориялық және практикалық даярлығын қамтамасыз ету. | Курста қаржының негізгі аспектілері ұсынылады. Онда қаржы және қаржы жүйесінің рөлі, қаржылық механизмнің заңдылықтары келтіріледі. Аталмыш курс экономиканың барлық салаларында қаржы теориясын кеңінен түсінуіне назар аударады, атап айтсақ бюджет және бюджет жүйесі, салық жүйесі, банк жүйесі, мемлекеттік қаржы-несие қатынастары, үй шаруашылықтарының қаржысы, шаруашылық жүргіуші субъектілердің қаржысы және т.б. Сондай-ақ қазіргі жағдайдағы қаржының көкейтесті проблемалары да қарастырылады. | **Пререквизиттер**: Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері), Экономикалық теория<br><br>**Постреквизиттер:** Макроэкономика, Мемлекеттік-жеке әріптестік, Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану, Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару | А) Қаржы ұғымын, қаржы жүйесінің негіздерін, қаржы саясатын, кәсіпорынның қаржыларын, мемлекеттік қаржы, үй шаруашылықтарының қаржылары туралы біледі;<br>В) Қаржы саясатын әзірлеу және іске асыру, қаржы және қаржылық бақылауды ұйымдастыру және басқару арқылы мақсатты пайдалану мүмкіндігін және түрлі қызмет салаларында қаржыларды ұйымдастыру қағидаларын ажырата алады. Түрлі қызмет сфераларында құзыретті шешім дайындау үшін маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері салаларындағы базалық білім мен дағдыларды қолданады;<br>С) Түрлі мәселелер бойынша жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады және ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды;<br>D) Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | E) Мәліметтер негізінде пайымдама жүргізе отырып, деректер мен бағалау пайымдамалары арасындағы ерекшеліктерді ажырата біледі. |
| 7 | Бухгалтерлік есеп және аудит | Білім алушыларға бухгалтерлік есеп пен аудиттің негізгі категориялары туралы білім беру, бухгалтерлік есеп жүйесін ұйымның экономикалық қызметін бақылау, талдау және басқару мақсатында ақпаратты жалпылау мен нақтылауды байланыстыруға үйрету. | Пәнді оқу студенттердің бухгалтерлік есеп пен аудиттің негіздері мен жүйесі туралы білімін, мүдделі менеджерлерге басқару саласындағы шешімдерді қабылдау үшін мәліметтер мен ақпаратты ұсынудың негізгі нысаны ретінде, сондай-ақ тексеру дағдылары мен тәжірибесін алуды қалыптастырады. және қызметтер аудитіне қажетті деректерді алу. Курс сонымен қатар кәсіпорынның активтері, міндеттемелері және капиталы туралы ақпаратты жинау және қорытындылау әдістерін және қаржылық есеп беру саласындағы білімдерді зерттейді. | **Пререквизиттер**: Экономикалық теория, Микроэкономика<br><br>**Постреквизиттер:** Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау, Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар | A) Ақпаратты жинау, беру, өңдеу және жинақтау процестерінің жалпы сипаттамасын, бухгалтерлік есеп сипаты мен әдістерін, оны ұйымдастырудың негіздерін, ұйымның есеп саясатын, бухгалтерлік есептеулер, негізгі құралдар, материалдық емес активтер және басқа объектілер, қаржылық есептілік және оның халықаралық стандарттарын, бухгалтерлік есепті автоматтандыру туралы біледі;<br>B) Кәсіпорынның ресурстарын, оның қызметінің экономикалық көрсеткіштерін анықтайды;<br>C) Тауарлар мен материалдық құндылықтардың есебін жүргізу, кәсіпорындардың қаржылық мүмкіндіктерін бағалау және талдау, коммерциялық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру, есепке алу және бақылау, оның нәтижелерін болжау дағдыларына ие. Түрлі қызмет сфераларында құзыретті шешім дайындау үшін маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері салаларындағы базалық білім мен дағдыларды қолданады;<br>D) Коммерциялық, маркетингтік, логистикалық, сауда және жарнамалық қызметтерді ұйымдастыру және басқару үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және талдау әдістерін қолданады;<br>E) Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, аудит саласындағы білімін ұдайы жетілдіруге ұмтылады. |
| 8 | Ұлттық руханият | Ұлттық сана, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, дүниетаным, наным-сенімдер, рәсімдер, мәдениет пен өнер, тіл мен әдебиет, ұлттық тәрбие, ұлттық бірегейлікті құрайтын дәстүрлі мәдениет туралы жан-жақты білім беру. | Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады. | **Пререквизиттер:** **Қазақстан тарихы,** Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Әлеуметтану, Мәдениеттану, саясаттану, психология)<br><br>**Постреквизиттер:** Философия | A) Ұлттық руханияттың өзекті категориялары мен компоненттері туралы білім алады. Әлеуметтік, ұлттық, рухани құндылықтарды және экологиялық мәдениетті демонстрациялайды, жоғары патриоттық сана мен толеранттылықты танытады;<br>B) Ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, наным-сенім, ырым-жоралғы, мәдениет пен өнер, тіл мен әдебиет, ұлттық тәрбие, дәстүрлі мәдениет құндылықтарын түсінеді;<br>C) Ұлттық руханиат құндылықтарын талдайды, бағалайды, пәннен алған білімдерін тәжірибеде қолданады;<br>D) Өз бетінше жұмыстана білуі; пәннен алған білімдерді тарихи материалды жүйелі баяндауға икемді болады;<br>E) Білім беру ортасында жас ұрпақты халықтық дәстүрлерді, ата-бабалар мұрасын құрметтеуге баулиды, жастар ұлттық рух тәрбиелеу икемділігін меңгереді. |
| 9 | Ғылыми зерттеу әдістері | Білім алушыларды ғылыми зерттеулердің теориялық және практикалық концепцияларын ұштастыруға бағытталған ақпараттармен жұмыс істеуге дағдыландыра | Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері, академиялық жазу және академиялық адалдық туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар | **Пререквизиттер:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), | A) ғылыми танымның мәні мен ерекшеліктерін, ғылыми зерттеудің заманауи әдістемелері мен әдістерін түсінеді; ғылыми ақпаратты жинаудың, талдаудың және түсіндірудің негізгі және қолданбалы әдістеріне ие; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып, ғылыми жұмыс жазуға үйрету. | мен әдістерді игеруге бағытталған.<br><br>Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу, зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды.<br><br>Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және оқуды бітіру жұмыстарын рәсімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді. | Статистика<br><br>**Постреквизиттер:** Философия, Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау, HR-басқару және аналитика, Сыни ойлау және аналитика | B) мақсаттар мен міндеттерге байланысты адекватты зерттеу әдістерін таңдап, қолдана алады; ғылыми-зерттеу жоспарын жасап, оны тәжірибеде жүзеге асыра алады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алады, олардың нәтижелерін практикалық қызметінде пайдалана біледі, мемлекеттік саясат пен басқару саласында талдау және болжау және бағалау әдістерін қолдана алады;<br>C) әртүрлі зерттеу тәсілдерін сыни тұрғыдан бағалай алады; - ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын ескере отырып, алынған мәліметтер негізінде дәлелді қорытындылар қалыптастырады; Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды;<br>D) зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде анық және логикалық түрде бере алады; ғылыми талқылау және нәтижелерді ұсынуға дағдыланған;<br>E) өз бетінше зерттеу жүргізуге және әдістерді әрі қарай тереңдете білуге қабілетті; үздіксіз кәсіби дамуға және академиялық ұтқырлыққа дайындығын көрсетеді. |
| 10 | Микроэкономика | Білім алушыларға нарықтық экономиканың негіздерін, тұтынушы мен өндіруші | "Микроэкономика" курсы тауарлар мен қызметтер нарығындағы тұтынушылар мен экономикалық | **Пререквизиттер:** Экономикалық теория, Маркетинг | A) Нарықтық экономиканың негізгі қағидаларын, сұраныс пен ұсыныс заңдарын, тұтынушылар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мінез-құлқын, ресурстарды тиімді бөлу механизмдерін және мемлекеттік реттеудің рөлін түсіндіру; болашақта нарықты мемлекеттік реттеуге қатысты оңтайлы шешім әзірлеуге және қабылдауға дағдыландыру. | субъектілердің экономикалық мінез-құлқын, кәсіпорындардың өндірістік қызметінің мәні мен механизмін және өндіріс шығындарын, жетілген және жетілмеген бәсекелестік нарықтарының жұмысын зерттейді. Сондай-ақ, пәнді оқу кезінде нарықты мемлекеттік реттеу, қоғамдық тауарлар, сыртқы әсерлер және ақпараттың ақпараттың асимметриясы ашылады. | **Пострреквизиттер:** Макроэкономика, Мемлекеттік сатып алуды басқару | мен өндірушілердің мінез-құлқын түсінеді; фирма мен үй шаруашылығы деңгейінде шешім қабылдау процестерін біледі; жетілген және жетілмеген бәсеке нарықтарының белгілері мен олардағы фирма әрекетін түсінеді;<br>B) Қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалануға қабілетті болады; нарықтағы бағаны қалыптастыру, өндірісті тиімді ұйымдастыру және пайданы арттыру механизмін біледі және оны кәсіби тәжірибеде қолдана алады, нарықты мемлекеттік реттеу құралдарын қолданады; графиктер мен модельдер көмегімен экономикалық процестерді сипаттай алады;<br>C) Нарықтағы ахуалды талдау және бағалау негізінде сатып алу, өндіріс көлемін анықтау, баға белгілеу, нарықта қалу немесе нарықтан шығу туралы ұтымды шешім қабылдауға бейім болады; Ел мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасайды, экономиканың түрлі салаларының даму үдерістері бойынша тұжырым жасайды, микро-макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың, бюджетті жоспарлаудың және бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың, ел және аймақ дамуының стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларын әзірлеудің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | заманауи әдістерін игереді;<br>D) Клиентке бағдарлану дағдысын меңгереді. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната біледі, олардың әрекеттерін басқаруға бейімделеді, тәуекелге баруға, өзгерістерге икемделіп, оларды басқарады;<br>E) Микроэкономика саласындағы жаңа ақпараттарды өз бетінше меңгере алады. Алынған білімді ары қарай оқуға, ғылыми зерттеуге немесе кәсіби қызметке қолдана алады. |
| 11 | Менеджмент | Білім алушыларда ұйымдарды, олардың ресурстары мен процестерін басқару саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдылар жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ динамикалық сыртқы орта жағдайында негізделген басқару шешімдерін қабылдау дағдыларын дамыту болып табылады. | Бұл курстың мазмұны басқарудың ұйымдастырушылық элементтерін, басқарудың негізгі әдістерін, коммуникация процестерін, шешімдер жасақтау мен қабылдау, топтық жұмыс ерекшеліктерін, көшбасшылық теоорияларын, жанжалдар мен өзгерістеді басқаруды, корпоративтік мәдениет пен басқару этикасын қамтиды. Пәнді оқып-үйрену классикалық менеджмент негіздерін меңгеруге, білім алушыларда ұйымды басқарудың функциялары мен принциптері туралы білімдер кешенін игеруге, басқарушылық қызметтің әрқилы түрлерін орындаудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.қарастырылады. | **Пререквизиттер:**<br>Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі), Экономикалық теория<br><br>**Постреквизиттер:**<br>Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, HR-басқару және аналитика, Коучинг және менторлық, Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау | A) Білім алушы басқару процесінің негізгі ұйымдастырушылық элементтерін; басқарудың негізгі әдістері мен олардың қолдану салаларын; көшбасшылық теорияларын және командада жұмыс істеу ерекшеліктерін; коммуникация, шешім қабылдау, қақтығыстар мен өзгерістерді басқару процестерін; корпоративтік мәдениет пен басқару этикасының негіздерін біледі және түсінеді;<br>B) Білім алушы басқару міндеттерін шешу үшін менеджмент теориялары мен әдістерін қолдануға; басқарушылық шешімдерді әзірлеуге және жүзеге асыруға; ұйым ішіндегі тиімді командалық жұмысты және коммуникацияны ұйымдастыруға; көшбасшылық теорияларын және қақтығыстарды басқару әдістерін тәжірибеде қолдануға қабілетті; Түрлі қызмет сфераларында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құзыретті шешім дайындау үшін маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері салаларындағы базалық білім мен дағдыларды қолданады;<br>С) Білім алушы басқару жағдайларын талдауға және қолданылған әдістердің тиімділігін бағалауға; менеджменттегі түрлі тәсілдерге сыни көзқараспен қарауға; басқару процестерін жетілдіру бойынша негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасауға қабілетті; Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады.<br>D) Білім алушы әріптестерімен және басшылықпен тиімді қарым-қатынас орнатуға; өз ойларын ауызша және жазбаша түрде нақты әрі сауатты жеткізуге; корпоративтік мәдениет пен этикалық нормаларды ескере отырып, іскерлік қарым-қатынас жүргізуге қабілетті; Дамыған коммуникациялық дағдыларды меңгереді, топта жұмыс жасайды және адамдарды басқара алады, өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсуге ұмтылады, жоба құру және басқару дағдысын меңгереді, жеке имиджімен айналысады, көшбасшылық қасиетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамытады.<br>Е) Білім алушы менеджменттің жаңа теориялары мен әдістерін өз бетінше үйрену қабілетін; кәсіби дамуға және өзгерістерге бейімделуге дайын екенін; біліктілігін арттыру үшін заманауи ақпарат көздерін пайдалануға икемділігін көрсетеді. |
| 12 | Макроэкономика | Ұлттық экономиканың қызмет ету механизмі мен заңдылықтары, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мен олардың өзара байланысы, мемлекеттің макроэкономикалық саясатының құралдары, салдары және тиімділігі бойынша білім алушыларға теориялық білім беру, білім алушыны макроэкономикалық ахуалға талдау жасау әдістемесін меңгерту, елдің макроэкономикалық ахуалына өзбетінше талдауға, қорытынды жасауға және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын бағалауға дағдыландыру. | Макроэкономиканы зерттеу жалпы ұлттық экономиканың көрсеткіштерін анықтау үшін қажет, ұлттық табысты, жұмыссыздықты, инфляцияны, мемлекеттік бюджетті және елдің төлем балансы мен экономикалық өсуін анықтайтын факторларды зерттеу, ақша секторын зерттеу, оның нақты сектормен өзара әрекеттесуі және экономикалық өсудің ауытқуын зерттеу. | **Пререквизиттер:** Экономикалық теория, Микроэкономика<br>**Постреквизиттер:** Мемлекеттік саясат және басқару, Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау | А) Макроэкономикадағы негізгі ұғымдар мен түсініктерді, модельдерді, формулаларды біледі және олардың мағынасын түсінеді; экономикалық мектептердің макроэкономикалық көзқарастарын түсінеді;<br>В) Негізгі модельдер мен макроэкономикалық көрсеткіштерді ұлттық экономиканың ахуалын талдау мен бағалау барысында қолдана біледі; экономикалық циклдің түрлі сатыларында, төлем балансының нақты жағдайында және түрлі валюта бағамы режимінде ақша-несие және бюджет-салық саясатының құралдарын дұрыс қолданады; Билік органдарындағы басқару процесін зерттеп, талдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік басқарудың типтерін, формаларын, әдістерін және жүйесін біледі, мемлекеттік басқару және экономиканы реттеу саласында заманауи әдістерді, принциптерді және технологияларды қолдана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | алады;<br>С) Макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикалық өзгерістеріне талдау жасайды, мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын бағалайды; Ел мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасайды, экономиканың түрлі салаларының даму үдерістері бойынша тұжырым жасайды, микро-макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың, бюджетті жоспарлаудың және бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың, ел және аймақ дамуының стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларын әзірлеудің заманауи әдістерін игереді;<br>D) Жасалынған талдаудың негізінде ой тұжырымдап, қорытынды жасай біледі, нақты ортада елдің макроэкономикалық ағымдық жағдайына қатысты пікірталас жүргізіп, болашаққа болжам жасайды;<br>Е) Макроэкономика саласындағы ақпараттарды зерттеп, оны кәсіби қызметте қолдануға, әрі қарай білімін жетілдіруге бейім болады. |
| 13 | Мемлекеттік басқару теориясы | Мемлекеттік басқарудың теориялық негіздерін, функцияларын, билік органдарының өкілеттіктерін оқыту. | «Мемлекеттік басқару теориясы» пәні, негізінен, мемлекеттік басқарудың теориялық тұстарын зерттейді, атап айтқанда, мемлекеттің типтері, функциялары, мемлекеттік басқару | **Пререквизиттер:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Менеджмент | А) Мемлекеттік басқарудың теорияларының, тұжырымдамаларының және қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұнын біледі;<br>В) Мемлекеттік басқаруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүйесі, формалары, әдістері және принциптері. Мемлекеттік басқаруды ақпараттық, құқықтық және ресурстық қамтамасыз ету сұрақтары зерттеледі. Сонымен қатар, пәнді оқып-үйрену барысында білім алушылар мемлекеттік басқарудың заманауи әдістері мен технологиялары бойынша білімді меңгереді. | **Постреквизиттер:**<br>Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік саясат және басқару | ұйымдастыруға қатысты нормативтік актілермен, өзге де құжаттармен жұмыс істеуді практикада пайдаланады; Билік органдарындағы басқару процесін зерттеп, талдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік басқарудың типтерін, формаларын, әдістерін және жүйесін біледі, мемлекеттік басқару және экономиканы реттеу саласында заманауи әдістерді, принциптерді және технологияларды қолдана алады;<br>C) Мемлекеттік билік органдарының басқару тиімділігін арттыру үшін әлеуметтік құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыда талдай біледі;<br>D) Қазақстанда және шетелдерде мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастыру мәселелеріне қатысты жеке пікірін негіздеп, көзқарасын жүйелі баяндай біледі;<br>E) «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағыты бойынша білімін әрі қарай жалғастыру үшін қажетті білім мен дағдыларды игереді. |
| **3-курс** | | | | | |
| 14 | Заманауи мемлекеттік басқару | Мемлекеттік басқарудағы заманауи көзқарастар зерттеу арқылы білім алушыларды мемлекеттік басқаруға заманауи тұрғыдан қарап, әдістер мен тәсілдерді оңтайлы қолдануға үйрету | Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару пәні мемлекеттік басқарудың жаңа әдіс-тәсілдерін, мемлекеттік шешім қабылдаудағы жаңа техноглогияларды, сервистік мемлекеттік тетіктерін және жасақтау механизмдерін, мемлекеттік қызмет көрсетудегі коммуникация, әдеп талаптарының мемлекеттік | **Пререквизиттер:**<br>Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Мемлекеттік басқару теориясы<br>**Постреквизиттер:**<br>Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық | A) Заманауи мемлекеттік басқарудың әдістерін, тәсілдерін, қағидаларын біледі және түсінеді;<br>B) Билік органдарындағы басқару процесін зерттеп, талдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік басқарудың типтерін, формаларын, әдістерін және жүйесін біледі, мемлекеттік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мекемелердегі жүзеге асыру нормалары, персоналдық құзіреттілігі және оның нәтижелілігн өлшетін бағалау критерилерінің сапалық және сандық сипатта жүзеге асырылуын оқытады. | жұмыстар, Дизайн-ойлау, Сыни ойлау және аналитика, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | басқару және экономиканы реттеу саласында заманауи әдістерді, принциптерді және технологияларды қолдана алады; Қоғамдағы және кәсіби этика нормаларын сақтайды, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады, өз өкілеттігі шеңберінде тиісті басқару шешімдерін қабылдайды, олардың нәтижесіне жауап береді;<br>С) Мемлекеттік басқару саласындағы және ұйымдардағы ахуалды талдауға, бағалауға және негізгі мәселелерді анықтауға, қорытынды жасауға және ұсыныстар беруге бейімделеді; Мемлекеттік басқару саласында заманауи ақпараттық технологияларды және жасанды интеллектті қолдану дағдысын меңгереді, цифрлық түрлендірулерді қолдану арқылы деректерді, ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, талдау және беру әдістерінің жүйесін дайындай алады**,** электрондық құжат айналымымен жұмыс жасай біледі, үлкен деректерді өңдеу, талдау, интерпретациялау арқылы шешімдер қабылдауға қабілетті болады;<br>D) Дамыған коммуникациялық дағдыларды меңгереді, топта жұмыс жасайды және адамдарды басқара алады, өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсуге ұмтылады, жоба құру және басқару дағдысын меңгереді, жеке имиджімен айналысады, көшбасшылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қасиетін дамытады<br>E) Өзін-өзі дамытуға, үздіксіз оқуға, кәсіби тұрғыдан жетілуге, көшбасшылық қабілеттіліктерін дамытуға ұмтылу, кәсіби қызметте инновациялық, заманауи әдістерді қолдануға икемді болады. |
| 15 | Мемлекеттік қызмет | Білім алушыларда мемлекеттік қызметтің мәнін, қағидаттарын, құқықтық негіздері мен ұйымдастырушылық тетіктерін тұтас түсінуді қалыптастыру, сондай-ақ қазіргі жағдайда мемлекеттік қызметшінің функцияларын тиімді орындау дағдыларын дамыту болып табылады. | Пән мемлекеттік қызметтің мәні мен түсінігін, принциптері мен түрлерін зерттейді. Қазақстандағы мемлекеттің қызметтің жүйесі, құқықтық реттелуі, принциптері, мемлекеттік қызметшілердің жіктелуі, құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік қызметшілерді сайлау және тағайындау, мемлекеттік қызметке кіру, мемлекеттік қызметте өту, мемлекеттік қызметшілердің этикасы, мемлекеттік қызметтегі мансап, басқару шешімдерін қабылдау, коммуникациялық қарым-қатынас және қоғаммен байланыс саласында білім алады. | **Пререквизиттер:**<br>Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде)<br><br>**Постреквизиттер:**<br>Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, HR-басқару және аналитика, Дизайн-ойлау, Коучинг және менторлық, Сыни ойлау және аналитика, Өзгерістерді басқару | A) Мемлекеттік қызмет саясатынының мазмұнын, мәнін және мақсатын білу және түсінеді;<br>B) Мемлекеттік қызметке қатысты саясатты қалыптастыру ережелерін практикада қолданады; Қоғамдағы және кәсіби этика нормаларын сақтайды, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады, өз өкілеттігі шеңберінде тиісті басқару шешімдерін қабылдайды, олардың нәтижесіне жауап береді;<br>C) Мемлекеттік қызметтегі кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және жеке даму үшін қажетті ақпаратты іздестіруді жүзеге асыру компонентін қолдана білуі;<br>D) Іскерлік қатынасты жүргізеді, сауатты хат жаза біледі, шет тілдерін біледі, сөйлеу мәдениетін меңгереді, қоғаммен байланысты орнатады**.** Дамыған коммуникациялық дағдыларды меңгереді, топта жұмыс жасайды және адамдарды басқара алады, өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсуге ұмтылады, жоба құру және басқару дағдысын меңгереді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жеке имиджімен айналысады, көшбасшылық қасиетін дамытады.<br>E) Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау процесінде туындайтын жағдайларды шешуге қажетті оқыту саласындағы қорытындыларды бағалай білуі. |
| 16 | Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар | Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби коммуникациялық дағдыларын дамыту, олардың ақпаратты тиімді жеткізу, тыңдау, жазу және сөйлеу қабілеттерін жетілдіру арқылы мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайту болып табылады. Бұл пән мемлекеттік қызметшілердің халықпен, әріптестерімен және басқа да мүдделі тараптармен сапалы әрі нәтижелі қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. | Пән коммуникация түсінігін, байланыс формалары мен түрлерін зерттейді. Білім алушылар тәжірибелік сабақтарда мәдениетаралық қарым-қатынас түрлерін қолданады. Білім алушыларға мемлекеттік мекемелерде ресми хат жазу дағдыларын үйренеді. Білім алушыларға ресми әлеуметтік желідегі жазбаларды нанымды жазу және ресми әлеуметтік парақша ережелерін сақтау үйретіледі. | **Пререквизиттер:** Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызмет<br><br>**Постреквизиттер:** HR-басқару және аналитика, Коучинг және менторлық, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Өзгерістерді басқару | A) Мемлекеттік қызметшілердің коммуникативті құзыреттерінің құрылымы мен мазмұнын, мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы іскерлік коммуникация процесін басқару негіздерін білу; B) Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру үшін коммуникацияны басқару құралдарын қолдану және келіссөздер жүргізе алу, жеке құраммен жұмыс істеуде психологиялық әсер етудің негізгі құралдарын пайдалану;<br>C) Мемлекеттік және жергілікті басқару саласында негізгі коммуникациялық технологияларды қолдану және басқару жүйесіндегі коммуникативті кеңістікті формализациялау негіздерін пайдаланады; Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады;<br>D) Іскерлік қатынасты жүргізеді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сауатты хат жаза біледі, шет тілдерін біледі, сөйлеу мәдениетін меңгереді, қоғаммен байланысты орнатады. Дамыған коммуникациялық дағдыларды меңгереді, топта жұмыс жасайды және адамдарды басқара алады, өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсуге ұмтылады, жоба құру және басқару дағдысын меңгереді, жеке имиджімен айналысады, көшбасшылық қасиетін дамытады;<br>Е) Тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту (вербалды емес ақпаратты түсіндіру) және қоғам өмірінде болып жатқан коммуникациялық процестерді талдау. |
| 17 | Мемлекеттік саясат және басқару | Пәннің мақсаты тұтастай елдің экономикасына қатысты мәселелерді зерттеу және мемлекеттің макроэкономикалық саясатын жүзеге асыру жолдарын үйрету. | Курсты оқуда студент мемлекеттің негізгі жүзеге асыратын саясаты мен мемлекеттік басқару ғылымдарының дамуына әсер еткен негізгі теориялық тәсілдерді, оның ішінде қазіргі концепцияларды білуі керек. Сонымен бірге қоғамның мемлекеттік саясат пен басқарудағы өкілдігі мен қатысуының негізгі нысандарын ажырата білу, мемлекеттік басқару теорияларын корреляциялау және оларды іс жүзінде жүзеге асыру дағдыларын меңгеру қажет. | **Пререквизиттер:** Макроэкономика, Мемлекеттік басқару теориясы<br>**Постреквизиттер:** Стратегиялық мемлекеттік басқару, Цифрлық мемлекет, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау | А) Мемлекеттік саясат пен мемлекеттік басқарудың мәнін, мақсаттары мен принциптерін түсінеді.<br>Мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асырудың негізгі үлгілерін, тұжырымдамаларын және механизмдерін біледі. Қоғамды басқарудағы мемлекеттік институттар мен билік органдарының рөлін түсінеді;<br>В) Мемлекеттік саясат пен басқару шешімдерінің нақты мысалдарын талдай алады. Мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы практикалық мәселелерді шешу үшін теориялық тәсілдер мен әдістерді қолданады.<br>Басқару процестері мен саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әзірлеуге қабілетті. Билік органдарындағы басқару процесін зерттеп, талдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік басқарудың типтерін, формаларын, әдістерін және жүйесін біледі, мемлекеттік басқару және экономиканы реттеу саласында заманауи әдістерді, принциптерді және технологияларды қолдана алады;<br>Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алады, олардың нәтижелерін практикалық қызметінде пайдалана біледі, мемлекеттік саясат пен басқару саласында талдау және болжау және бағалау әдістерін қолдана алады;<br>C) Мемлекеттік саясат пен бағдарламалардың тиімділігін сыни тұрғыдан бағалайды. Басқару шешімдерінің әлеуметтік, экономикалық және саяси салдарын ескереді.<br>Мемлекеттік органдарға дәлелді қорытындылар мен ұсыныстар құра алады;<br>D) Мемлекеттік саясаттың идеялары мен талдауларын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе алады.<br>Мемлекеттік басқару саласында іскерлік және кәсіби коммуникациялық дағдылары бар.<br>Саясат пен басқару мәселелері бойынша талқылауларға, келіссөздерге және қоғамдық пікірталастарға қатыса алады;<br>E) Саясат және басқару |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | саласындағы жаңа тәсілдер мен құралдарды өз бетінше оқуға қабілетті. Біліктілікті арттыруға және біліктілігін арттыруға дайындығын көрсетеді.<br>Саяси және басқару ортасындағы өзгерістерге бейімделу дағдыларына ие. |
| 18 | Мемлекеттік-жеке әріптестік | Инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда мемлекет пен бизнестің тиімді өзара әрекеттесуі үшін қажетті теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды білім алушылардың бойында дамыту. | «Мемлекеттік-жеке әріптестік» (МЖӘ) пәні жеке кәсіпкерлікті құру мақсатына байланысты мемлекеттің икемділігін, яғни кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастардың рөлін, экономикалық өсу мәселелерін шешудегі мемлекеттің қызметін түсіндіруді көздейді. Аталған курс мемлекеттің және азаматтық қоғамның байланысы мен экономиканың түрлі салаларындағы бизнестің даму жағдайын оқытады. | **Пререквизиттер:** Қаржы негіздері, Бухгалтерлік есеп және аудит, Маркетинг<br><br>**Постреквизиттер:** Сыни ойлау және аналитика, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Өзгерістерді басқару | А) Мемлекеттік-жекешелік әріптестік түсінігін, оның экономика мен мемлекеттік инфрақұрылымды дамытудағы рөлін түсінеді; МЖӘ құқықтық, институционалдық және экономикалық негіздерін біледі; мемлекет пен жеке сектор арасындағы тәуекелдерді бөлу механизмдерін түсінеді; МЖӘ саласындағы халықаралық тәжірибе мен озық тәжірибені түсінеді;<br>В) МЖӘ жобаларын әзірлейді және талдайды, олардың экономикалық қисындылығы мен әлеуметтік әсерлерін бағалайды; МЖӘ жобаларын қаржыландыру және модельдеу әдістерін біледі; МЖӘ жүзеге асыру үшін нормативтік актілер мен нормативтік талаптарды қолдана біледі. Қоғамдағы және кәсіби этика нормаларын сақтайды, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады, өз өкілеттігі шеңберінде тиісті басқару шешімдерін қабылдайды, олардың нәтижесіне жауап береді. Түрлі қызмет сфераларында құзыретті шешім дайындау үшін маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аудит, сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері салаларындағы базалық білім мен дағдыларды қолданады;<br>С) Экономиканың әртүрлі салаларындағы МЖӘ пайдасы мен тәуекелдерін сыни тұрғыдан түсінеді; мемлекеттік қаржыландырудың дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда МЖӘ тиімділігін талдайды; қоғам мен бизнес үшін МЖӘ жобаларын іске асырудың ықтимал салдарын бағалайды;<br>D) Мемлекеттік және жеке серіктестерге МЖӘ негізгі аспектілерін түсіндіреді және дәлелдейді; МЖӘ саласындағы келіссөздер мен келісімшарттық келісімдер бойынша дағдыларды меңгереді; МЖӘ жобаларын жүзеге асыру үшін командаларда жұмыс істей біледі; Мемлекеттік қызмет көрсетуде эмпатия мен стандартты емес ойлау көмегімен клиентке бағдарлану және нәтижелік қағидаларын ұстанады, қоғамдық қажеттіліктер үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жоспарлайды және ұйымдастырады;<br>Е) МЖӘ саласындағы жаңа тенденциялар мен өзгерістерді өз бетінше зерделей біледі; МЖӘ жобаларын бағалау үшін аналитикалық құралдар мен цифрлық технологияларды пайдалануға дайын болады; МЖӘ құқықтық және экономикалық реттеудің өзгермелі шарттарына бейімделеді. |
| 19 | Аймақтық | Білім алушыларды аймақтық | «Аймақтық экономика және басқару» | **Пререквизиттер:** | А) Аймақ, территория, аудан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | экономика және басқару | деңгейде елдің шаруашылық механизмінің қызмет ету мүмкіндіктерінің қалыптасу жолдарын кешенді оқытады және аймақтық деңгейдегі мемлекеттің шаруашылық кешенінің қалыптасуындағы экономикалық механизмін құрудың мүмкін жолдарын кешенді зерттеу, тұтастай елдің экономикалық мүдделерін анықтау және дамыту бағыттарымен, саясатымен таныстыру. | пәні бойынша білім алушылар аймақтық экономиканың теориялық негіздерімен және аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу жолдарымен танысады. Атап айтсақ, аймақты шаруашылық жүргізу объектісі ретінде қарастырып, оның экономикалық әлеуетін бағалау жүргізу жолдарын меңгереді. Сонымен қатар аймақтық саясаттың ерекшеліктеріне талдау жүргізеді. | Экономикалық теория, Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Менеджмент<br>**Пострреквизиттер:**<br>Аймақтық жоспарлау және болжау, Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару | өндірістік торап, арнайы аймақ түсініктерін ажыратады, белгілі бір аймаққа қатысты негізгі фактілерді біледі;<br>В) Ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен, мемлекеттік саясат, экономиканы жоспарлау, болжау және мемлекеттік реттеу саласындағы эмпирикалық және жүйелік талдау нәтижелерімен жұмыс жасайды;<br>С) Аймақтық және жергілікті деңгейде мамандану деңгейін талдайды, өңірлердің экономикалық дамуын реттеудің негізгі тәсілдері мен әдістерін қолдана алады;<br>D) Аймақтағы өнеркәсіптің, қаржының, мәдениеттің жағдайын анықтай алады, бюджетті қалай есептеуді біледі, қаржылық есептілікті жүргізеді, аймақтық дамудың негізгі үрдістерін бағалау дағдыларын, креативті ойлау дағдыларын меңгереді: жаңа бірегей идеяларды жасау және табу қабілеті, проблемаларды стандартты емес түрде шешуді табысты таба біледі, кез келген мәселені шешуге шығармашылықпен қарайды, өздігінен білім алуға және өзін-өзі дамытуға ұмтылады;<br>Е) Болжау, жаспарлау және бағдарламалау арқылы аймақтық экономиканың негізгі механизмдерін ажыратады. Инвестиция мен қаржыландыруды бағалай алады, жекелеген өңірлердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | экономикасының жай-күйіне талдау жүргізу және даму перспективаларын айқындау үшін экономикалық және әлеуметтік ақпарат көздерін пайдалана біледі. |
| 20 | Аймақтық жоспарлау және болжау | Білім алушыларға аймақтық даму процестерін жүйелі түрде талдау, жоспарлау және болжау әдістерін үйрету. | Курсты оқу барысында студенттер аймақты болжау мен жоспарлаудың теориясы мен әдістемесін жоспарлауды және болжау құралдарын қолданудың шетелдік тәжірибесін талдауды, сонымен бірге аймақтың болжамдық және жоспарлау құжаттарын құрастыру дағдыларын меңгереді. | **Пререквизиттер:** Экономикалық теория, Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Менеджмент, Аймақтық экономика және басқару<br><br>**Постреквизиттер:** Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | A) Аймақтық экономиканың теориялық негіздерін, жоспарлау мен болжауды түсінеді.<br>Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау әдістері мен құралдарын біледі.<br>Аймақтық дамуды басқарудағы мемлекет пен жергілікті билік органдарының рөлін түсінеді;<br>B) Аймақтық дамуды бағалау үшін болжау және жоспарлау әдістерін қолдана алады.<br>Аймақтық бағдарламалар мен стратегиялардың ұсыныстары мен жобаларын әзірлей алады.<br>Басқару шешімдерін негіздеу үшін аналитикалық және статистикалық құралдарды пайдаланады;<br>C) Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму факторлары мен тенденцияларына сыни тұрғыдан баға береді.<br>Аймақтық саясат бойынша дәлелді қорытындылар мен ұсыныстарды құра алады. Жоспарлау шешімдерінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарын ескереді;<br>D) Аймақтық дамуды талдау және болжау нәтижелерін ұсына алады.<br>Аналитикалық есептерді және бағдарламалық құжаттарды дайындау дағдылары бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Аймақтарды дамыту жобаларында топта жұмыс істей алады;<br>E) Аймақтық талдау мен болжаудың жаңа әдістерін өз бетінше меңгеруге қабілетті. Үздіксіз кәсіби дамуға дайындығын көрсетеді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық ортасының өзгерістеріне бейімделу дағдыларын меңгереді. |
| 21 | Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау | Білім алушыға белгісіздік пен тәуекел жағдайында тиімді шешім қабылдаудың теориялық негіздері мен практикалық әдістерін меңгерту, оның бойында күрделі басқарушылық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда талдау жасауға, баламаларды бағалауға және оңтайлы шешімдер таңдауға қабілеттілікті қалыптастыру. | "Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау" пәні білім алушыға ақпарат толық болмай, әрі қарай іс-әрекет нәтижесінің қалай болатыны белгісіз болып немесе оны болжау мүмкін болмаған жағдайда оңтайлы шешім қабылдау әдістерін, модельдерін, тәсілдерін үйретеді. Білім алушы белгісіздіктің түрлерімен танысады, шешім қабылдаудың теорияларын, модельдерін зерттейді, белгісіздік жағдайында орын алуы мүмкін тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеуге, шешім қабылдаудың балама нұсқаларын анықтап, бағалауға, салыстырып, іріктеуге дағдыланады, өзгермелі жағдайларда да жарамды болатындай шешімдерді әзірлеп, қабылдау тәсілдерін оқып үйренеді. | **Пререквизиттер:** Менеджмент, Мемлекеттік қызмет<br>**Постреквизиттер:**<br>Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект, Дизайн-ойлау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | A) Белгісіздік пен тәуекел жағдайында шешім қабылдау теориясының негіздерін түсінеді. Шешім қабылдау модельдері мен әдістерін біледі. Белгісіздік факторларының басқарушылық шешімдерге ықпалын түсіндіреді;<br>B) Практикалық жағдайларда шешім қабылдау әдістерін қолдана алады. Баламаларды талдап, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалай алады. Белгісіздік пен тәуекел деңгейіне байланысты тиімді шешімдер ұсына алады;<br>C) Ақпараттың жеткіліксіздігі немесе қайшылықты болған жағдайларда дербес шешім қабылдайды. Басқарушылық шешімдердің әлеуметтік-экономикалық салдарын сыни тұрғыдан бағалайды. Рационалды және интуитивті тәсілдердің айырмашылығын талдап, негізделген қорытынды жасайды;<br>D) Шешім қабылдау нәтижелерін кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша түрде жеткізе алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Командада жұмыс істеп, пікір алмасу арқылы ортақ шешім қабылдауға қатысады. Басқарушылық ұсыныстарды түрлі аудиторияға түсінікті түрде ұсына алады;<br>E) Жаңа шешім қабылдау әдістерін өз бетінше меңгере алады. Белгісіздік жағдайындағы шешім қабылдау тәжірибесін үздіксіз жетілдіреді. Күрделі басқару жағдайларына бейімделу дағдысын дамытады. |
| 22 | Қала экономикасы | Білім алушыларға қалалардың экономикалық жүйелерін, олардың экономикалық динамикасын және урбанизацияның әлеуметтік-экономикалық әсерлерін түсіндіру, қаланы басқаруға қатысты тиімді саясат жүргізуге, шешімдер қабылдауға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру. | Пән кеңістіктің факторларды және жергілікті деңгейдегі қаланың ерекшелігін, қаланың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін, қала модельдері туралы ұғымдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымын, кеңістікті экономикалық талдауды, қала типологиясын құруға функционалдық тәсілді, ірі қаланың имиджін және ребрендингін зерделейді | **Пререквизиттер:** Экономикалық теория, Макроэкономика,<br>**Постреквизиттер:** Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану, Сыни ойлау және аналитика, Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару | A) Қалалардың экономикалық дамуының негізгі факторлары мен модельдерін біледі; қаланың салалық нарықтарының, инфрақұрылымының ахуалы, қалалық қаржы жүйесі туралы түсініктің болады;<br>B) Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін талдайды және болжайды; қала инфрақұрылымын басқару құралдары мен әдістерін меңгереді;<br>C) Қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін стратегияларды әзірлеу әдістемесін меңгереді; қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін анықтап, экономикалық факторларды ескере отырып, оларды шешу үшін негізделген ұсыныстар әзірлеуге икемді болады;<br>D) Экономикалық мәліметтерді талдап және түсіндіруге, нарық қатысушыларымен, мемлекеттік органдармен, қала азаматтарымен тиімді байланыс орнатуға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалалық даму стратегияларын талқылауға, әртүрлі мүдделі тараптар арасында өзара тиімді шешімдер табуға, қабілетті;<br>E) Кәсіби дискуссиялар мен командалық жобалар арқылы тәжірибе жинақтауға, қаланы басқару салдасындағы теориялық білімі мен практикалық дағдысын жетілдіру мақсатында үздіксіз білім алуға ұмтылады. |
| 23 | Стратегиялық мемлекеттік басқару | Білім алушыларға стратегиялық басқарудың теориялық негіздерін, әдістерін және құралдарын меңгерту, оларды мемлекеттік басқару жүйесінде ұтымды қолдануға бейімділіктерін қалыптастыру. | Курста басқару жағдайын талдауды және оның мәселелерін және факторларын анықтау барысында қоғам мен мемлекет дамуының негізгі процестері, стратегиялық басқарудың жүзеге асыру принциптері, нысандары, ғылыми-практикалық әдістері зерттеледі. Пән мемлекеттік мекемелердегі тиімді басқарушылық дағдысын дамыту мүмкіндіктерін арттырады. | **Пререквизиттер:** Мемлекеттік саясат және басқару, Мемлекеттік қызмет<br>**Постреквизиттер:** Сыни ойлау және аналитика, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Өзгерістерді басқару | A) Стратегиялық мемлекеттік басқарудың негізгі теориялары мен тұжырымдамаларын біледі; стратегиялық жоспарлау және болжау әдістерін түсінеді;<br>B) Практикада стратегиялық жоспарлау және талдау құралдарын пайдаланады; мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларымен және жоспарларымен жұмыс жасай біледі;<br>C) Әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру қажеттігін негіздей біледі; стратегиялық бағдарламалар мен даму жоспарларын әзірлеу және бағалау әдістемесін меңгереді. Экономикалық, әлеуметтік және саяси процестерді болжауға және талдауға қабілетті болады;<br>D) Стратегиялық құжаттар әзірлеуде, талдауда, оларды бағалауда әріптестерімен, мемлекеттік басқару органдарының түрлі деңгейлеріндегі мамандармен өзара ынтымақтастық орната |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | біледі; мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын түсіндіру барысында қоғаммен тиімді коммуникациялық байланыста болады;<br>E) Мемлекеттік басқаруда озық, инновациялық және цифрлық технологияларды қолдануға ұмтылады. |
| 24 | Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау | Білім адушыға үлкен деректерді (Big Data) талдау мен интерпретациялаудың заманауи әдістерін меңгерту, оларды басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде тиімді қолдануға үйрету, сондай-ақ деректер негізінде негізделген, ғылыми және практикалық құндылығы бар шешімдер қабылдау құзыреттерін қалыптастыру. | "Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау " пәнін оқыту үлкен деректерді өңдеудің, талдаудың, интерпретациялаудың әдістері мен технологияларын меңгерту арқылы басқарушылық, стратегиялық және бизнес-шешімдерді қабылдауға қабілеттілігін қалыптастырып, дамытуға бағытталады. Үлкен деректердің көздері, құрылымдары, аналитика әдістері оқытылады. Студент деректер сапасы мен шынайылығын бағалауды, деректерді басқаруды үйренеді, Big Data, деректерді өңдеу құралдарымен, программаларымен жұмыс жасауға машықтанады, деректерді талдау әдістерімен, шешім қабылдауды қолдау жүйесімен танысады. Мемлекеттік басқару саласында үлкен деректермен жұмыс жасау тұстары зерттеледі. | **Пререквизиттер:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Статистика<br>**Постреквизиттер:** Сыни ойлау және аналитика, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Өзгерістерді басқару | A) Үлкен деректердің (Big Data) мәнін, ерекшеліктерін және оларды басқару әдістерін түсінеді. Big Data негізінде шешім қабылдаудың теориялық және әдістемелік негіздерін меңгереді.<br>Деректерді талдау, өңдеу және визуализациялаудың негізгі құралдарын біледі;<br>B) Үлкен деректерді жинақтау, сүзу және өңдеу әдістерін қолдана алады. Аналитикалық құралдар арқылы басқарушылық шешімдер қабылдауға қажетті деректерді талдайды. Big Data технологияларын нақты әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық мәселелерді шешуде қолданады;<br>C) Үлкен деректер негізінде алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалайды.<br>Деректер сапасы мен сенімділігін талдайды және шешім қабылдауға әсерін ескереді.Үлкен деректерден алынған нәтижелерге сүйене отырып, негізделген басқарушылық қорытындылар жасайды;<br>D) Аналитикалық есептерді, диаграммалар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | визуализацияларды кәсіби деңгейде ұсына алады. Командада жұмыс істей отырып, Big Data негізінде шешім қабылдау процесін үйлестіре алады. Үлкен деректер бойынша талдау нәтижелерін түрлі аудиторияға (мамандарға, басқарушыларға) түсінікті түрде жеткізе алады;<br>E) Big Data саласындағы жаңа әдістер мен технологияларды өз бетінше меңгере алады.<br>Деректер ғылымы мен аналитика бойынша үздіксіз кәсіби дамуға дайын болады. Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау тәжірибесін күрделі басқарушылық жағдайларда қолдана біледі. |
| 25 | Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект | Білім алушыларға мемлекеттік басқаруда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолданудың теориялық негіздері мен практикалық мүмкіндіктерін меңгерту, цифрлық трансформация жағдайында мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыруға, деректерге негізделген шешім қабылдауға және инновациялық басқару құралдарын пайдалануға қабілеттілікті қалыптастыру. | Курста мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллекті қолдану артықшылығы, бағыттары, құқықтық реттелуі және әлеуетті тәуекелдері қарастырылады. Жасанды интеллектті экономика және құқық салаларын мемлекеттік басқаруда, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуде, мәліметтер базасымен жұмыс жасауда, мемлекеттік сатып алуда, бюджетті басқаруда, төтенше жағдайлар мен түрлі құқық бұзушылықтың алдын алуда тиімді пайдаланылу мүмкіндіктері оқытылады. Мемлекеттік қызметшерді оқыту процесіне ML моделін енгізу мәселелері зерттеледі. | **Пререквизиттер:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Заманауи мемлекеттік басқару<br>**Постреквизиттер:** Дизайн-ойлау, Өзгерістерді басқару | A) Жасанды интеллекттің (ЖИ) негізгі ұғымдары, әдістері мен технологияларын біледі. Мемлекеттік басқару жүйесінде ЖИ қолдану салаларын түсінеді. ЖИ енгізудің құқықтық, этикалық және әлеуметтік аспектілерін меңгереді;<br>B) ЖИ құралдарын деректерді талдау, болжау және шешім қабылдау процесінде қолдана алады. Мемлекеттік қызмет көрсетулер мен басқарушылық процестерді автоматтандыруға арналған ЖИ шешімдерін ұсына алады. Цифрлық трансформация жағдайында ЖИ технологияларын басқарушылық тәжірибеге бейімдейді;<br>C) ЖИ негізінде алынған ақпараттың сенімділігі мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сапасын сыни тұрғыдан бағалайды.<br>ЖИ қолданудың мемлекеттік басқару тиімділігіне әсерін талдайды. ЖИ енгізудегі әлеуетті тәуекелдерді анықтап, оларды азайту жолдарын негіздейді;<br>D) ЖИ қолдану нәтижелерін кәсіби аудиторияға түсінікті түрде ұсына алады. Командада жұмыс істеп, ЖИ жобаларын іске асыру барысын талқылауға және қорғауға қабілетті.<br>Цифрлық шешімдерді қабылдауда басқарушылармен және IT-мамандармен кәсіби қарым-қатынас орнатады;<br>E) ЖИ саласындағы жаңа технологиялар мен әдістерді өз бетінше меңгере алады.<br>Мемлекеттік басқарудағы ЖИ құралдарын жетілдіруге бағытталған үздіксіз кәсіби дамуға дайын болады. ЖИ көмегімен басқару саласындағы күрделі және жаңа жағдайларға бейімделу қабілетін дамытады. |
| 26 | Мемлекеттік сатып алуды басқару | Студенттерге мемлекеттік сатып алу жүйесінің теориялық және практикалық негіздерін меңгерту, мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді пайдалану қағидаттарын үйрету және осы саладағы заңнамалық нормаларды түсіндіру; мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сатып алу жүйесін тиімді, ашық және әділ | Мемлекеттік сатып алуларды басқаруда басты тұжырымдамасы мен тетігін, мемлекеттің сатып алуларды басқарудың қағидатын, сатып алуларды басқаруларды дамытудағы осы күнгі үрдісті, тендерлер рәсімдері мен шартын зерделеп отыр. Мемлекет және бизнестердің арасында ынтымақтастықтардың үйлесімділік пен оңтайлы құралын жасату мен мемлекеттегі сатып алулардың тиімді жақтарын жетілдіруге қолайлы рақ жағдай жасау керектігін оқытады . | **Пререквизиттер:**<br>Маркетинг, Қаржы негіздері, Бухгалтерлік есеп және аудит, Аймақтық жоспарлау және болжау<br><br>**Постреквизиттер:**<br>Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | A)Мемлекеттік сатып алу жүйесінің құқықтық негіздерін түсінеді (заңдар, нормативтік актілер); мемлекеттік сатып алу түрлерін, әдістерін және рәсімдерін біледі; тендерлік процестердің құрылымы мен кезеңдерін меңгереді;<br>B) Мемлекеттік сатып алуды реттейтін ұлттық және халықаралық заңнамаларды талдайды; сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсінеді; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастыру үшін қажетті білімдер мен дағдыларды қалыптастыру. | | | C) Мемлекеттік сатып алу бойынша құжаттарды әзірлейді және рәсімдейді; электрондық мемлекеттік сатып алу платформаларымен жұмыс істейді; тендерлерді ұйымдастыру және конкурстық өтінімдерді бағалайды;<br>D) Мемлекеттік сатып алу шығындарын оңтайландыру әдістерін қолданады. Сатып алу кезінде баға мен сапа арақатынасын талдайды;<br>E) Мемлекеттік сатып алу саласындағы этикалық нормаларды сақтайды. Ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету қағидаларын ұстанады. |
| 27 | Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану | Мемлекеттік қаржылық жүйенің негізгі элементі ретінде бюджеттің мәнін, құрылымын және қызметтерін түсіндіру, бюджеттік жоспарлау мен бюджет қаражаттарын тиімді әрі мақсатты пайдалану қағидалары мен әдістерін меңгерту, сондай-ақ мемлекеттік қаржыларды басқару саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастыру. | «Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану» пәнінің мақсаты – бюджет құралдарын жоспарлауға, негіздеуге, бөлуге және пайдаланылуын бақылауға қажетті білім мен дағдыны білім алушылардың бойында қалыптастыру. Курс барысында түрлі деңгейлердегі бюджетті жоспарлау әдістері мен қағидалары, бюджет кірісі мен шығысының қалыптасуы, бюджет қаражатының мақсатты, тиімді және заңды пайдаланылуы, бюджет шығыстарына бақылау және аудит жүргізу, қазақстандық бюджет жүйесін реттейтін құқықтық-нормативтік құжаттар, бюджеттік процесте қолданылатын цифрлық технологиялар қарастырылады. | **Пререквизиттер:** Қаржы негіздері, Аймақтық жоспарлау және болжау<br><br>**Постреквизиттер:** Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Өзгерістерді басқару | A) Бюджеттің мәнін, құрылымын және мемлекеттік қаржылық жүйедегі рөлін түсінеді.<br>Бюджеттік жоспарлау мен бюджет қаражаттарын пайдаланудың теориялық негіздері мен қағидаларын меңгереді.<br>Бюджет процесінің кезеңдерін (жоспарлау, атқару, бақылау) біледі;<br>B) Бюджет жобасын әзірлеу және жоспарлау әдістерін тәжірибеде қолдана алады.<br>Бюджет қаражаттарын тиімді әрі мақсатты пайдалану бойынша талдау жүргізеді.<br>Мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі қаржы ресурстарын басқаруға байланысты практикалық тапсырмаларды орындай алады;<br>C) Бюджеттік саясаттың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тиімділігін бағалайды. Қаржылық шешімдердің әлеуметтік-экономикалық салдарын талдайды. Мемлекеттік қаржыларды басқарудағы проблемаларды анықтап, баламалы шешімдер ұсына алады. Ел мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасайды, экономиканың түрлі салаларының даму үдерістері бойынша тұжырым жасайды, микро-макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың, бюджетті жоспарлаудың және бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың, ел және аймақ дамуының стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларын әзірлеудің заманауи әдістерін игереді; Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды;<br>D) Бюджеттік жоспарлау мен қаржылық есептерді кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша түрде ұсына алады. Қаржылық ақпаратты талқылауда кәсіби пікірталастарға қатысады. Командада жұмыс істеп, бюджеттік процестерді ұйымдастыруға үлес қоса алады.<br>E) Қаржылық жоспарлау мен бюджеттік басқару саласындағы жаңа әдістерді өз бетінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | меңгере алады. Қаржылық жүйедегі өзгерістерге бейімделуге дайын болады. Кәсіби құзыреттерін жетілдіріп, үздіксіз білім алуға қабілетті болады. |
| 28 | Цифрлық мемлекет | Білім алушыға цифрлық мемлекет тұжырымдамасының теориялық негіздерін, оның қалыптасу кезеңдері мен даму бағыттарын түсіндіру; мемлекеттік басқару жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ерекшеліктерін меңгерту; цифрлық трансформация жағдайында мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ деректерге негізделген шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру. | Пән мемлекеттік басқару мен қоғам өмірін цифрландыру саласындағы қазіргі заманғы үрдістерді зерделеуге, мемлекеттік басқаруда қазіргі заманғы коммуникациялық-ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курста экономика салаларындағы цифрлық қайта құрулар, цифрлық инфрақұрылымды, Инновациялық экожүйені дамыту, мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыру, цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе мәселелері ашылады. | **Пререквизиттер:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар<br><br>**Постреквизиттер:** Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау, Сыни ойлау және аналитика, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Өзгерістерді басқару | А) Цифрлық мемлекеттің мәнін, негізгі принциптері мен даму кезеңдерін түсінеді. Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін сипаттай алады. Электрондық үкімет, ашық үкімет, GovTech сияқты заманауи модельдер мен тұжырымдамаларды біледі;<br>В) Цифрлық трансформация құралдарын мемлекеттік басқару тәжірибесінде қолдана алады. Электрондық қызметтердің тиімділігін бағалап, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасай алады. Ақпараттық жүйелер мен деректерді басқаруды нақты жағдайларда қолдана біледі. Мемлекеттік басқару саласында заманауи ақпараттық технологияларды және жасанды интеллектті қолдану дағдысын меңгереді, цифрлық түрлендірулерді қолдану арқылы деректерді, ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, талдау және беру әдістерінің жүйесін дайындай алады, электрондық құжат айналымымен жұмыс жасай біледі, үлкен деректерді өңдеу, талдау, интерпретациялау арқылы шешімдер қабылдауға қабілетті болады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | C) Цифрлық мемлекеттің артықшылықтары мен тәуекелдерін талдап, сындарлы бағалай алады. Деректерге негізделген шешім қабылдауда этикалық және құқықтық аспектілерді ескере алады. Мемлекеттік басқарудағы цифрлық жобалардың әлеуметтік әсерін бағалайды. Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды;<br>D) Цифрлық мемлекетке қатысты ақпаратты кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша түрде жеткізе алады. Командада жұмыс істей отырып, цифрлық шешімдерге байланысты идеяларды дәлелді түрде қорғай алады. Мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы цифрлық коммуникацияның маңызын түсіндіреді;<br>E) Цифрлық мемлекеттің дамуына байланысты жаңа технологиялар мен трендтерді өз бетінше меңгере алады. Үздік халықаралық тәжірибелерді салыстыра отырып, Қазақстан жағдайына бейімдей біледі. Болашақ кәсіби қызметінде цифрлық инновацияларды енгізуге дайын болады. |
| 29 | Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық | Мемлекеттік басқару жүйесінде ақпараттық және аналитикалық құралдарды тиімді пайдалану қабілетін | «Ақпараттық қоғам», «ақпараттық саясаты», «ақпараттық ресурстар», «ақпараттық инфрақұрылым», «аналитикалық технология» | **Пререквизиттер:** Заманауи мемлекеттік басқару<br><br>**Постреквизиттер:** Сыни | A) Мемлекеттік басқаруда ақпараттық және аналитикалық қызметтің мәні мен маңызын түсінеді; мемлекеттік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыстар | қалыптастыру; мемлекеттік органдар мен мекемелердің шешім қабылдау үдерісінде ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және оны тиімді қолдану дағдыларын дамыту. | түсініктері қарастырылады. Мемлекеттік билік органдарында басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттарды жинау, тексеру, талдау, өңдеу жұмыстары, ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты қабылданатын шешімдердің сапасы, қисындылығы, салдары туралы білім беріледі. Мемлекеттік қызметшілердің ақпараттық-аналитикалық жұмыстарының мақсаты, міндеттері, ұйымдастырылуы, кадрлық, материалдық, қамтамасыз етілу сұрақтары зерттеледі. Аналитикалық құжаттармен жұмыс жасау дағдысы үйретіледі. | ойлау және аналитика | органдардағы деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін біледі;<br>B) Ақпараттық-талдамалық есептерді дайындайды және мәліметтерді жүйелейді. Мемлекеттік саясат пен басқару шешімдерінің тиімділігін бағалау үшін аналитикалық әдістері пайдаланылады. Деректерді өңдеу мен талдау құралдары қолданылады (Excel, SPSS, Power BI және т.б.), Big Data және жасанды интеллект сияқты заманауи технологияларды қолдана алады;<br>C) Мемлекеттік басқару құрылымдарында ақпараттық-аналитикалық процестерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді. Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды;<br>D) Шешім қабылдау және стратегиялық жоспарлау үдерістерін меңгереді, мемлекеттік басқару саласында зерттеу жүргізу және негізделген қорытындылар жасайды. Мемлекеттік басқару саласында заманауи ақпараттық технологияларды және жасанды интеллектті қолдану дағдысын меңгереді, цифрлық түрлендірулерді қолдану арқылы деректерді, ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, талдау және беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдістерінің жүйесін дайындай алады, электрондық құжат айналымымен жұмыс жасай біледі, үлкен деректерді өңдеу, талдау, интерпретациялау арқылы шешімдер қабылдауға қабілетті болады;<br>Е) Ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын үнемі жетілдіруге бейім болады. |
| **4-курс** | | | | | |
| 30 | HR-басқару және аналитика | Адам ресурстарын тиімді басқару әдістерін, HR-аналитика құралдарын және деректерге негізделген шешім қабылдау тәсілдерін үйрету. | Курсты оқыту мінсіз кандидатты іздеу, іріктелген кандидаттың нәтижелерінің сапасын бағалау және кадрларды ауыстырудың дұрыс тәсілдерін қолдану үшін ұйымдастырушылық-басқару шешімдерін қабылдай білу, сонымен қатар кадрлық мәселелерді анықтау, шешу, олардың салдарын бағалау дағдысына үйретеді. Білім алушы жүргізілген зерттеу қорытындыларын ғылыми баяндама, мақала немесе есеп түрінде баяндай алады. Ұйымдастырушылық-стратегиялық міндеттерді шешу үшін басқарудың жаңа әдістері қарастырылады, мысалы, қызметкерлерді ұстап қалудағы, таланттарды басқарудағы, жұмыс беруші брендін қалыптастырудағы креативтік тәсілдер. Білім алушы персоналды басқаруға аналитикалық шолу жасап, оның тиімділігін бағалау әдістемесін үйренеді. | **Пререквизиттер:** Менеджмент, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект<br>**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | А) HR-басқарудың негізгі қағидаттары мен стратегиялары, адам ресурстарын басқарудың заманауи әдістері, ұйымдағы кадрлық процестер және олардың тиімділігі, HR-аналитиканың рөлі мен маңызы туралы түсініктері болады;<br>В) HR-аналитиканың құралдарын пайдалану және деректер негізінде шешім қабылдауға кадрлық процестерді автоматтандыруға және HRM жүйелерін пайдалануға, ұйымның мақсаттарына сәйкес кадрлық саясат жүргізуге, персоналдың тиімділігін бағалау әдістерін қолдануға қабілетті болады;<br>С) Аналитика негізінде кадрлық саясатты жетілдіру және ұйымдық даму стратегияларын әзірлеуге, HR-аналитикаға негізделген шешімдер қабылдауға деректерді жинауға, талдауға және HR-есептерді дайындауға бейім болу;<br>D) Қызметкерлермен жұмыс істеу барысында сенімді ынтымақтастық пен тиімді коммуникацияны орнатуға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мотивациялауға және корпоративтік мәдениетті дамытуға икемді болады. Дамыған коммуникациялық дағдыларды меңгереді, топта жұмыс жасайды және адамдарды басқара алады;<br>E) Кадрлық жоспарлау және персоналдың өнімділігін арттыру, ұйымдағы еңбек қатынастарын оңтайландыру, жалпы персоналды басқару саласындағы білімін үздіксіз жетілдіреді, жаңа технологияларды меңгеруге ынталы болады. HR саласында стратегиялық ойлау мен аналитикалық қабілеттерді дамытуды көздейді. Өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсуге ұмтылады, жоба құру және басқару дағдысын меңгереді, жеке имиджімен айналысады, көшбасшылық қасиетін дамытады. |
| 31 | Дизайн-ойлау | Білім алушылардың шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауын, стандартты емес шешімдерді табу дағдыларын және кәсіби және басқарушылық мәселелерді шешуде адамға бағытталған тәсілді қолдану қабілетін дамыту. | «Дизайн-ойлау» пәнінде эмпатияны, креативтілікті, прототиптеуді қолдану арқылы қалай мәселелерді шешуге, жаңа өнімдерді, модельдерді, қызметтерді ұсынуға болатындығы зерттеледі. Дизайн-ойлау қағидалары мен сатылары, нақты әдістерді қолданып, тұтынушының қажеттіліктері мен тілектерін зерттеу арқылы мәселені анықтау, тұжырымдау, идеяларды генерациялап, шешімдер нұсқаларын әзірлеу, өнімді (қызметті, модельді, процессті) прототиптеу, тестілеу, кері байланыс жасау арқылы қателіктерді түзету сұрақтары қарастырылады. | **Пререквизиттер:**<br>Маркетинг, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Философия, Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау, Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект<br><br>**Постреквизиттері:**<br>Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | A) Дизайн-ойлау ұғымының мәнін, қағидалары мен кезеңдерін біледі.<br>Инновациялық ойлау әдістерінің ерекшеліктерін түсінеді.<br>Пайдаланушыға бағытталған тәсілдің маңызын меңгереді;<br>B) Дизайн-ойлау әдістемесін нақты проблемаларды шешуде қолдана алады.<br>Креативті идеялар жасап, оларды прототип түрінде ұсына алады.<br>Командамен бірлесе отырып инновациялық шешімдерді әзірлейді;<br>C) Әзірленген идеялардың тиімділігі мен қолданбалы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Студент эмпатияға, тұтынушыға бағдарлануға, командамен жұмыс жасауға, идеяларын ұсынуға, стандартты емес ойлауға дағдыланады. | | маңызын сыни тұрғыдан бағалайды. Баламалы шешімдерді талдап, ең қолайлысын таңдауға қабілетті. Қоғамдық, әлеуметтік және экономикалық контекстегі шешімдердің салдарын түсінеді;<br>D) Өз идеяларын визуалды және ауызша түрде тиімді жеткізе алады. Жобалық жұмыста команда ішінде кәсіби қарым-қатынас жасайды. Инновациялық шешімдерді түрлі аудиторияға түсінікті түрде ұсына алады;<br>E) Шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын үздіксіз дамыта алады.<br>Жаңа әдістер мен құралдарды өз бетінше меңгеруге дайын болады.<br>Инновациялық тәжірибені болашақ кәсіби қызметінде қолдана біледі. |
| 32 | Коучинг және менторлық | Мемлекеттік органдарда инновациялық коучинг және тәлімгерлік мәдениетін қалыптастыру бойынша білім алушылардың құзыреттіліктерін дамыту; коучингтік және менторлық дағдыларды кәсіби және жеке даму үшін тиімді құрал ретінде пайдалану жолдарын үйрету. | Курстың мақсаты студенттерді коучинг және тәлімгерлік құралдарымен таныстыру; жеке және командалық коучинг сабақтарын өткізу алгоритмдерін меңгеру; тәлімгерлік үшін коучинг құралдарын меңгеру. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент: коучинг сессиясын өткізудің негізгі құралдарын білу; коучинг және тәлімгерлік технологияларын өмірдің әртүрлі салаларында қолдану ерекшеліктері; коучидің сұраныстарымен жұмыс істей білу, коучинг сессиясының мақсаттарын анықтау және клиентті мақсатқа жетуге ынталандыру; коучинг құралдарын пайдалану арқылы тәлімгерлік дағдыларының болуы | **Пререквизиттер:** Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект<br>**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | A) Коучинг және менторлық ұғымдарын, олардың айырмашылықтарын және қағидаларын біледі, менторлықтың түрлерін, ментор мен ментидің қасиеттерін, дағдыларын ажырата біледі. Коучингтік әңгіме жүргізудің және кері байланыс берудің негізгі модельдерін меңгереді; B) Нақты өмірде және кәсіби жағдайларда коучинг пен менторлық әдістерін қолдана біледі. Коучингтік және менторлық сұхбаттарды жүргізуге қабілетті болады. Белсенді тыңдау, тиімді сұрақтар қою, кері байланыс беру дағдыларына ие. Клиенттің немесе ментидің мақсаттарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | анықтайды және оларға жетуге көмектеседі. Кәсіби және жеке даму стратегияларын құра біледі;<br>C) Объективті ой тұжырымдайды, проблемаларға жан-жақты қарайды, оларға және накты ұйым тәжірибелеріне талдау жасайды. Коучингтік тәсілді қолданып, өз бетінше шешім қабылдай алады, мақсатты дұрыс қоя біледі және оған жету үшін іс-әрекет жоспарын құра алады. Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады;<br>D) Эмоционалдық интеллект пен сенімді қарым-қатынас орнатады. Командада жұмыс істейді және басқаларды ынталандыра алады. Дамыған коммуникациялық дағдыларды меңгереді, топта жұмыс жасайды және адамдарды басқара алады;<br>E) Мансабын жоспарлауға және басқаруға, өзін-өзі дамытуға, өзінің бойында жаңа мүмкіндіктерді ашуға, кәсіби саласында құзыреттілікке және мемлекеттік қызметте үздік нәтижеге қол жеткізуге ынталы болады. Ұйымда коучинг мәдениетін қалыптастыруға үлес қосады. Өзінің кәсіби дамуын жалғастырады және коучинг дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 33 | Сыни ойлау және аналитика | Білім алушыларда ақпаратты қабылдауға жүйелі және объективті көзқарасты қалыптастыру, кәсіби және әлеуметтік салада салмақты шешімдер қабылдау үшін әртүрлі көзқарастарды талдау, түсіндіру, дәлелдеу және бағалау дағдыларын дамыту. Логикалық және тәуелсіз ойлау қабілетін дамыту; мәселелерді анықтау және талдау, дәлелдер мен қарсы дәлелдер құру дағдыларын қалыптастыру; ақпаратты, фактілерді және дереккөздерді сыни бағалау әдістерін үйрету; практикалық мәселелерді шешу және негізделген қорытындылар құру үшін аналитикалық дағдыларды дамыту; пікірталас мәдениетін тәрбиелеу және дәлелдер негізінде өз ұстанымын қорғай білу. | Курс ақпараттармен жүйелі жұмыс жасау негізінде түрлі басқару деңгейіне қатысты ахуалға сапалы талдау жасау, жағдайды бағалау, қорытынды шығару, мәселені дұрыс анықтап, оған кешенді түрде қарау, шешімдер нұсқасын әзірлеу және оңтайлы шешім қабылдау үшін білім алушыда сыни тұрғыдан және логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру мен дамытуға бағытталады. | **Пререквизиттер:** Философия, Үлкен деректер негізінде шешім қабылдау, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар<br><br>**Постреквизиттер:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | A) Сыни ойлау мен аналитиканың негізгі ұғымдарын, әдістері мен құралдарын біледі. Логика, дәлелдеу, ақпараттағы қателіктер мен манипуляцияларды анықтау принциптерін түсінеді. Деректер мен ақпаратты талдаудың заманауи тәсілдеріне бағдарланған;<br>B) Билік органдарындағы басқару процесін зерттеп, талдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік басқарудың типтерін, формаларын, әдістерін және жүйесін біледі, мемлекеттік басқару және экономиканы реттеу саласында заманауи әдістерді, принциптерді және технологияларды қолдана алады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алады, олардың нәтижелерін практикалық қызметінде пайдалана біледі, мемлекеттік саясат пен басқару саласында талдау және болжау және бағалау әдістерін қолдана алады. Дәлелдерді дайындау және шешім қабылдау кезінде ақпаратты сыни бағалау дағдыларын қолданады;<br>C) Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды. Объективті деректер мен субъективті пікірлерді ажырата біледі;<br>D) Ауызша және жазбаша түрде өз ұстанымын дәлелді түрде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қорғай алады. Пікірталастарға сауатты және қисынды қатысады, қарсы дәлелдер құра алады. Әртүрлі аудиториялар үшін аналитикалық қорытындыларды ұсыну дағдыларын меңгерген; E) Сыни ойлау және ақпаратты талдау дағдыларын өз бетінше жетілдіре алады. Аналитикалық құралдарды жаңа жағдайлар мен міндеттерге бейімдей алады. Аналитика және ақпаратты сыни қабылдау саласында тұрақты дамуға дайын екендігін көрсетеді. |
| 34 | Мемлекеттің әлеуметтік саясаты | Әлеуметтік саясаттың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін түсіндіру, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік шараларды талдау дағдыларын қалыптастыру. | Курс әлеуметтік саясаттың мәнін, негізгі принциптері мен категорияларын және оның халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін жобаларды жүзеге асыруда билік органдарының қоғаммен бюайланысуын, сонымен бірге шешім қабылдауда өзара әрекеттесуін зерттейді. Ұсынылған пән білім<br><br>алушының жоғары патриоттық сана–сезімі мен толеранттылығын көрсететін әлеуметтік, ұлттық және рухани құндылықтар контексінде қалыптасқан. Экономиканың әлеуметтік саласын дамытуға мемлекеттік ықпалы зерттеледі. | **Пререквизиттер:** Ұлттық руханият, Макроэкономика, Мемлекеттік саясат және басқару<br>**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | A) Білім алушыларда әлеуметтік саясаттың мәні, мақсаты, міндеттері, қоғамдағы рөлі, құралдары, жүзеге асу механизмдері туралы түсінік болады. Әлеуметтік, ұлттық, рухани құндылықтарды және экологиялық мәдениетті демонстрациялайды, жоғары патриоттық сана мен толеранттылықты танытады.<br>B) Әлеуметтік саланың дамуына талдау жасайды; нақты әлеуметтік салалар бойынша бағдарламалар, жобалар әзірлеуге қабілетті болады; мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар мен реформаларды зерттейді, талдайды, оларға қатысты ой тұжырымдайды;<br>C) Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың нәтижелігін анықтайды, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, талдайды; экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әсерін бағалайды; нақты әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған ұсыныстар әзірлейді. Ел мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасайды, экономиканың түрлі салаларының даму үдерістері бойынша тұжырым жасайды, микро-макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың, бюджетті жоспарлаудың және бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың, ел және аймақ дамуының стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларын әзірлеудің заманауи әдістерін игереді. D) Әлеуметтік мәселелерге қатысты деректерді жинап, өңдеп, оларға өз бетінше талдау жасап, бағалай алады; әлеуметтік саясат мәселелері бойынша әріптестерімен пікірталас жүргізе алады, дәлелдер келтіреді, сараптамалық қорытындылар жасайды; E) Әлеуметтік мәселелерге қатысты ғылыми зерттеулер жүргізуге, түрлі әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында дайындалатын жобаларға қатысуға, мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін арттыру бағытында білімін жетілдіруге икемді болады. |
| 35 | Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау | Білім алушыларға мемлекеттік саясаттың қалыптасуы, жүзеге | Курсты оқуда мемлекеттің негізгі жүзеге асырған саясаты мен мемлекеттік басқару ғылымдарының | **Пререквизиттер:** Мемлекеттік басқару теориясы, Мемлекеттік | A) Мемлекеттік саясаттың мәнін, мақсаттарын, құралдарын және қағидаларын түсінеді; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | асырылуы және оның тиімділігін бағалау әдістері туралы кешенді білім беру. | дамуына әсер еткен негізгі теориялық тәсілдерді, оның ішінде қазіргі концепцияларды біледі. Сонымен бірге қоғамның мемлекеттік саясат пен басқарудағы өкілдігі мен қатысуының негізгі нысандарын ажырата білу, мемлекеттік басқару теорияларын корреляциялау және оларды іс жүзінде жүзеге асыру дағдыларын меңгереді. | саясат және басқару, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар<br><br>**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | B) Мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалауда әртүрлі әдістерді қолдана алады; Мемлекеттік реформалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай алады. Мемлекеттік басқарудағы инновациялық тәсілдерді қолдануға бейімделеді; C) Мемлекеттік шешімдерді дайындау және қабылдау процестеріне қатысуға дайын болады; мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-экономикалық әсерін болжауға қабілетті болады; мемлекеттік саясаттағы мәселелерді анықтап, оларды шешудің балама нұсқаларын ұсынады. Өз бетімен қажет ақпаратты іздейді, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауға сыни тұрғыдан қарайды, мәселені анықтайды, басқару шешімін әзірлеу үшін негізді тұжырым жасайды;<br>D) Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге және қоғаммен байланыс жасауға қабілетті болады. Қоғамдық мүдделер мен мемлекеттік саясаттың өзара байланысын сыни тұрғыда бағалау дағдысына ие болады;<br>E) Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау саласындағы өз білімін жетілдіруге, инновациялық әдіс-тәсілдерін үйренуге бейім болады. |
| 36 | Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару | Білім алушыларды жобаларды басқарудың заманауи технологияларын игеру, мемлекеттік басқару | Жобаны басқару саласындағы халықаралық стандарттар негізінде жобаларды құру, жоба сатыларын басқару технологиясы туралы білім | **Пререквизиттер:** Менеджмент, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызметтегі | A) Шынайы жобаларды құра білу және оларды басқару құралдарын, әдістерін, технологиясын меңгерген. Түрлі қызмет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүйесінде жобалық басқару әдістерін қолдану арқылы тиімділікті арттыруға, ресурстарды оңтайлы пайдалануға және стратегиялық мақсаттарға жетуге машықтандыру. | беріледі. Білім алушылар жобаның құнын, ресурстарын, сапасын, уақытын, сатып алуды, жеткізуді, жобалау процесіндегі өзгерістерді, тәуекелді басқару тәсілдерімен танысады. Жобамен жұмыс жасау барысында мүдделі тараптармен, жоба тобымен тиімді коммуникациялық қарым-қатынас орнату дағдыларына үйренеді. Пәнді тиімді игеру үшін жобаларды басқаруға арналған программалық өнімдермен жұмыс жасалады. | коммуникациялар, Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау, Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану, Мемлекеттік сатып алуды басқару **Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | сфераларында құзыретті шешім дайындау үшін маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері салаларындағы базалық білім мен дағдыларды қолданады;<br>В) Жобалау процестерін басқаруды, жоба құнын, ресурстарын, өзгерістерді, уақытты, жеткізуді, басқару әдіснамасын біледі және оны кәсіби қызмет саласында қолданады;<br>С) Жобаларды басқаруға қатысты ақпараттарды жинап, оларды өңдеу; жобаны басқару тиімділігін арттыруға және жобалық менеджментті жетілдіру жолдарына қатысты ұсыныс білдіруге, қорытынды жасауға және оларға негіздеме келтіруге, көтерілген идеяларды дұрыс бағалай білуге, оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті. Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады;<br>D) Коммуникациялық қарым-қатынасты орнатады және оны басқара біледі; командамен жұмыс жасайды, команданы басқара алады; өз білімін өз деңгейіндегі әріптестеріне, басшыға, тапсырыс берушіге жеткізе біледі;<br>Е) Жобаларды басқару |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | саласында білімін үнемі жетілдіруге бейім; жобаларды басқару саласындағы стандарттармен, программалармен жұмыс жасау дағдысын жетілдіріп отырады. |
| 37 | Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | Мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметінде кездесетін тәуекелдерді анықтау, бағалау және оларды басқару әдістерін, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру үшін стратегиялық шешімдер қабылдау барысында тәуекелдерді ескеруді және оларды азайту жолдарын үйрету. | Мемлекеттік басқару саласындағы тәуекел түрлері, туындау себептері, тәуекелді басқару қажеттілігі қарастырылады. Студенттер тәуекелді бағалау әдіснамасын үйренеді, мемлекеттік басқару саласындағы тәуекелді басқарудың шетелдік тәжірибесімен танысады. Қазақстандағы мемлекеттік органдардың қызметіне тәуекел-менеджментті енгізу мәселелері, тәсілдері, енгізудегі оң нәтижелер жөнінде мағлұмат беріледі. Мемлекеттік қызмет көрсетуде, стратегиялық шешімдерді дайындап, жүзеге асыруда, мемлекеттің қатысуымен орындалатын жобаларды басқаруда тәуекел-менеджмент әдіснамасын қолданудың мүмкіндіктері оқытылады. | **Пререквизиттер:** Менеджмент, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызмет, Аймақтық жоспарлау және болжау, Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау **Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | A) Мемлекеттік басқарудағы тәуекелдердің негізгі түрлерін түсінеді. Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың негізгі теориялары мен әдістерін меңгереді;<br>B) Мемлекеттік басқарудағы ықтимал тәуекелдерді талдау, болжау және бағалау дағдыларын игереді. Тәуекелдерді басқару стратегияларын құрады; C) Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады;<br>D) Мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында тәуекелдерді басқару бойынша тиімді ынтымақтастық орната алады;<br>E) Тәуекелдерді басқару саласында жауапкершілік алып, басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін үнемі дамытуға бейім. Мемлекеттік басқарудағы тәуекелдерді басқаруда Big Data, AI және басқа да инновациялық технологияларды қолдануға, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақты даму мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді, жаңа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдістерін үйренуге бейім болу. |
| 38 | Өзгерістерді басқару | Білім алушылдардың бойында ұйымдардағы өзгерістерді тиімді талдау, жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, сонымен қатар сыртқы және ішкі ортаның динамикалық жағдайларына бейімделу қабілетін дамыту | «Өзгерістерді басқару» пәні» ұйымның әр түрлі сыртқы және ішкі сын-тегеуріндерге тұрақты болып, бейімделуі үшін өзгерістерді зерттеудің, талдаудың, жоспарлаудың, енгізудің, басқарудың және тиімділігін бағалаудың тәсілдерін үйретеді. Білім алушы трансформациялану қажеттігін анықтайтын факторлармен танысады, өзгерістердің мақсатын, сатыларын, стратегиясын анықтауға, ұйымды трансформациялаудың нақты қадамдарын жүзеге асыруға, өзгерістерге қарсылық танытатын жағдайларды басқаруға, өзгеріс нәтижелерін талдауға, бағалауға, іс-әрекеттерді түзетуге дағдыланады. Пәнді оқу барысында білім алушы өзгерістерді басқарудың негізгі модельдерімен жұмыс жасайды. | **Пререквизиттер:** Мемлекеттік қызмет, Аймақтық жоспарлау және болжау, Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау, Бюджеттік жоспарлау және бюджет қаражаттарын пайдалану<br>**Постреквизиттер:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау. | А) ұйымдық өзгерістердің мәні мен типологиясын түсіндіреді; өзгерістерді басқарудың заманауи тәсілдерін, модельдерін және тұжырымдамаларын түсінеді; ұйымның сыртқы және ішкі ортасын диагностикалау және талдау әдістерін біледі;<br>В) нақты жағдайларда өзгерістерді жоспарлау және енгізу құралдарын қолданады; ұйымдық қайта құру жобаларын әзірлеуді біледі;<br>өзгерістерге қарсылықты басқару үшін практикалық дағдыларды пайдаланады;<br>С) ұсынылатын өзгерістердің қажеттілігі мен салдарын бағалайды; орын алуы мүмкін тәуекелдерді талдайды. Жанжалдың алдын алады және шешеді, айқынсыздық, тәуекел жағдайында жұмыс жасауға, өзгерістерді басқаруға және оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті болады, жаңа жағдайларға бейімделеді, креативті идеялар ұсынады;<br>D) өзгертулер бойынша идеялар мен ұсыныстарды дәлелді түрде ұсынады;<br>өзгеріс процесінде қызметкерлермен келіссөздер жүргізуді және тиімді өзара әрекеттесуді біледі;<br>трансформация жобаларында топтық жұмыс дағдыларын дамытады;<br>Е) өзгерістерді басқару саласындағы жаңа тәсілдер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | технологияларды өз бетімен зерттей алады; сыни талдау және рефлексия дағдыларын дамытады;<br>динамикалық ортада үздіксіз кәсіби дамуға дайын. |

* ЖБББ циклінің пәндері бойынша деректерді департамент дайындайды
* Мақсаты, қысқаша мазмұны және пререквизиттері / постреквизиттері пәннің силлабусына сәйкес болуы тиіс
* Қысқаша сипаттама БББ тізіліміндегі сипаттамамен бірдей болуы керек
* Дублин дескрипторларын ашып жазу міндетті және оқу деңгейіне сәйкес келуі керек

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ББ**
**2 курс**

**Мамандық атауы және шифры: 6В04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару**
**Оқу мерзімі: 4 жыл**
**Қабылдау жылы: 2024**

| Компонент (ЖК/ТК) | Пән коды | Пән атауы | Семестр | Кредит саны |
|---|---|---|---|---|
| **5 Модуль - Маркетинг негіздері және экономикалық есептеулер, (19 кредит)** | | | | |
| БП ЖК | Mar 2204 | Маркетинг | 3 | 5 |
| БП ЖК | KN 2205 | Қаржы негіздері | 3 | 5 |
| БП ЖК | Stat 2206 | Статистика | 3 | 5 |
| БП ЖК | BEA 2207 | Бухгалтерлік есеп және аудит | 4 | 4 |
| **6 Модуль - Философия және ғылыми-зерттеу негіздері, (13 кредит)** | | | | |
| БП ЖК | UR 2208 | Ұлттық руханият | 3 | 3 |
| БП ЖК | GZA 2209 | Ғылыми зерттеу әдістері | 4 | 5 |
| **7 Модуль - Мемлекеттік басқарудың теориялық негіздері, (24 кредит)** | | | | |
| БП ЖК | Mik 2210 | Микроэкономика | 3 | 5 |
| БП ЖК | Mak 2211 | Макроэкономика | 4 | 6 |
| БП ЖК | EMR 2212 | Экономиканы мемлекеттік реттеу | 4 | 5 |
| БП ЖК | MBT 2213 | Мемлекеттік басқару теориясы | 4 | 5 |
| БП | | Өндірістік практика | 4 | 3 |

**5 Модуль - Маркетинг негіздері және экономикалық есептеулер**

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Маркетинг
**Бағдарлама авторы:** Басшиева Ж.К.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Болашақ мамандардың маркетингті пайдалану бойынша терең теориялық білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ өнімдер мен қызметтер нарығы жағдайында практикалық дағдыларды қалыптастыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курсты оқыту барысында білім алушыларға дәстүрлі және цифрлық маркетинг технологияларын әзірлеудің иновациялық әдістері мен тәсілдері, процедуралары және оны практикада қолдана білудің механизмдері үйретіледі. Пәннің негізгі міндеті инновациялық маркетинг инструменттері негізінде нарықты зерттеуді, маркетингтің заманауи жүйелерін (нейромаркетинг, аромамаркетинг, брендинг т.б.) қолдана отырып, жаңа өнімдер мен қызметтерді жобалаудың дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.
**Пререквизиттері:** Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері), Экономикалық теория
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік-жеке әріптестік
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Фирма қызметіндегі инноавциялық маркетингтік стратегияларды жасауды және экономикалық негіздеуді үйренеді; B. Инновациялық цифрлық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып кешенді маркетингтік зерттеулерді жүргізеді және оның нәтижелерін маркетинг жоспарларын дайындауда негізгі ресурс ретінде қолдануға дағдыланады; C. Тауар, баға, өткізу, коммуникация

саясатын жасаудың технологияларын игереді; D.Тауарлар мен қызметтерді жылжытудың стратегияларын, бренд өнімдерді жасауды, тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеуді, компанияның имиджін құруды тиімді басқара біледі; E. Компанияның нарықтағы өзгерістерге жедел икемделуін қамтамасыз ететін тетіктерді пайдаланудың құзыреттіліктеріне ие болады.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Қаржы негіздері
**Бағдарлама авторы:** Ахметова Г.И.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Қаржы категорияларын, ұғымдарын, терминдерін, олардың сыныптамасын, әлеуметтік - экономикалық үдерістегі орнын игеруде студенттердің теориялық және практикалық даярлығын қамтамасыз етуі.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста қаржының негізгі аспектілері ұсынылады. Онда қаржы және қаржы жүйесінің рөлі, қаржылық механизмнің заңдылықтары келтіріледі. Аталмыш курс экономиканың барлық салаларында қаржы теориясын кеңінен түсінуіне назар аударады, атап айтсақ бюджет және бюджет жүйесі, салық жүйесі, банк жүйесі, мемлекеттік қаржы-несие қатынастары, үй шаруашылықтарының қаржысы, шаруашылық жүргіуші субъектілердің қаржысы және т.б. Сондай-ақ қазіргі жағдайдағы қаржының көкейтесті проблемалары да қарастырылады.
**Пререквизиттері:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері), Экономикалық теория
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік қаржыны басқару, Мемлекеттік аудит, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік-жеке әріптестік
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Қаржы ұғымын, қаржы жүйесінің негіздерін, қаржы саясатын, кәсіпорынның қаржыларын, мемлекеттік қаржы, үй шаруашылықтарының қаржылары туралы біледі. B. Қаржы саясатын әзірлеу және іске асыру, қаржы және қаржылық бақылауды ұйымдастыру және басқару арқылы мақсатты пайдалану мүмкіндігін және түрлі қызмет салаларында қаржыларды ұйымдастыру қағидаларын ажырата алады. C. Түрлі мәселелер бойынша жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады және ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды. D. Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады. E. Мәліметтер негізінде пайымдама жүргізе отырып, деректер мен бағалау пайымдамалары арасындағы ерекшеліктерді ажырата біледі.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Статистика
**Бағдарлама авторы:** Әлиева А.Ө.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Статистика пәні білім алушыларға статистикалық әдістер мен техникаларды түсінуге, деректерді жинау, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға бағытталған. Аталған пәннің мақсаты – білім алушыларға статистикалық ақпаратты тиімді пайдалану, мемлекеттік және жергілікті басқаруда статистикалық деректердің рөлін түсіну.
**Курстың қысқаша мазмұны:** Статистиканың негіздері: анықтамалар, принциптер, статистикалық зерттеулердің түрлері қарастырылады. Деректерді жинау әдістері: сауалнамалар, бақылау, эксперименттер. Сондай-ақ, деректерді өңдеу: кестелер, графиктер, диаграммаларды қолдану. Статистикалық талдау: орташа, медиана, мода, дисперсия, стандартты ауытқу тәсілдерін оқыту. Корреляция және регрессия: деректер арасындағы байланысты талдау. Статистикалық мәліметтерді интерпретациялау және шешім қабылдауда қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер қарастырылады.
**Пререквизиттері:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономикалық теория, Экономикадағы цифрландыру.

**Постреквизиттері:** Макроэкономика, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Аймақтық экономика және басқару, Қала экономикасы, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Статистикалық деректерді жинау және талдау дағдыларын меңгереді. B. Статистикалық көрсеткіштерді есептеу және интерпретациялау қабілетіне ие болады. C. Нақты статистикалық жағдайды талдайтын статистикалық ақпаратты жинау дағдылары. D. Мемлекеттік және жергілікті басқаруда статистикалық ақпаратты тиімді пайдалана алады. E. Экономикалық, микроэкономикалық, әлеуметтік маңызды мәселелерді модельдеуді және статистикалық зерттеулердің нәтижелерін бағалап, оларды практикалық шешімдер қабылдауда қолдана алады.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Бухгалтерлік есеп және аудит
**Бағдарлама авторы:** Тлеукабылова К.Б.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларға бухгалтерлік есеп пен аудиттің негізгі категориялары туралы білім беру, бухгалтерлік есеп жүйесін ұйымның экономикалық қызметін бақылау, талдау және басқару мақсатында ақпаратты жалпылау мен нақтылауды байланыстыруға үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқу білім алушылардың бухгалтерлік есеп пен аудиттің негіздері мен жүйесі туралы білімін, мүдделі менеджерлерге басқару саласындағы шешімдерді қабылдау үшін мәліметтер мен ақпаратты ұсынудың негізгі нысаны ретінде, сондай-ақ тексеру дағдылары мен тәжірибесін алуды қалыптастырады. және қызметтер аудитіне қажетті деректерді алу. Курс сонымен қатар кәсіпорынның активтері, міндеттемелері және капиталы туралы ақпаратты жинау және қорытындылау әдістерін және қаржылық есеп беру саласындағы білімдерді зерттейді.
**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Микроэкономика
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік аудит, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік қаржыны басқару.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. Ақпаратты жинау, беру, өңдеу және жинақтау процестерінің жалпы сипаттамасы; бухгалтерлік есеп сипаты мен әдістері, оны ұйымдастырудың негіздері, ұйымның есеп саясаты, бухгалтерлік есептеулер, негізгі құралдар, материалдық емес активтер және басқа объектілер, қаржылық есептілік және оның халықаралық стандарттары, бухгалтерлік есепті автоматтандыру. B. Кәсіпорынның ресурстарын, оның қызметінің экономикалық көрсеткіштерін анықтайды. C. Тауарлар мен материалдық құндылықтардың есебін жүргізу, кәсіпорындардың қаржылық мүмкіндіктерін бағалау және талдау, коммерциялық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру, есепке алу және бақылау, оның нәтижелерін болжау. D. Коммерциялық, маркетингтік, логистикалық, сауда және жарнамалық қызметтерді ұйымдастыру және басқару үшін ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және талдау әдістерін қолдану. E. Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілікті дайындау, аудитке дағдылану.

## 6 Модуль - Философия және ғылыми-зерттеу негіздері

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Ұлттық руханият
**Бағдарлама авторы:** Сәрсенбин Ү.Қ.
**Курстың қысқаша сипаттамасы:** Ұлттық болмысты құрайтын, ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, наным-сенім, ырым-жоралғы, мәдениет пен өнер, тіл мен әдебиет, ұлттық тәрбие, дәстүрлі мәдениет туралы жан-жақты білім беру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән ұлттық болмысты құрайтын, ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, наным-сенім, ырым-жоралғы, мәдениет пен өнер, тіл мен

әдебиет, ұлттық тәрбие, дәстүрлі мәдениет сияқты ұлттық руханияттың өзекті категориялары мен компоненттерін оқып білуге арналған. Пән қазіргі заман тұлғасын рухани-адамгершілік жағынан қалыптастырып, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-бабалар мұрасын құрметтеу рухында тәрбиелейді.
**Пререквизиттері:** Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саяси білім модулі.
**Постреквизиттері:** Кросс-мәдени коммуникациялар, Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Мемлекеттік қызметшілер этикасы.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Ұлттық руханияттың өзекті категориялары мен компоненттері туралы білім алады. В. Ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, наным-сенім, ырым-жоралғы, мәдениет пен өнер, тіл мен әдебиет, ұлттық тәрбие, дәстүрлі мәдениет құндылықтарын түсінеді. С. Ұлттық руханиат құндылықтарын талдайды, бағалайды, пәннен алған білімдерін тәжірибеде қолданады. D. Өз бетінше жұмыстана білуі; пәннен алған білімдерді тарихи материалды жүйелі баяндау икемділігі. Е. Білім беру ортасында жас ұрпақты халықтық дәстүрлерді, ата-бабалар мұрасын құрметтеуге баулиды, жастар ұлттық рух тәрбиелеу икемділігін меңгереді.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**
**Пәннің атауы:** Ғылыми зерттеу әдістері
**Бағдарлама авторы:** Мүсіров Ғ.М.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларды ғылыми зерттеулердің теориялық және практикалық концепцияларын ұштастыруға бағытталған ақпараттармен жұмыс істеуге дағдыландыра отырып, ғылыми жұмыс жазуға үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Оқу пәні теориялық-әдіснамалық негіздер, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырудың негізгі қағидалары туралы жалпы түсініктерді қалыптастыруға; ҒЗЖ тақырыбын, оның мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруға; ғылыми зерттеулер әдіснамасының негіздерін зерделеуге; ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен тәртібін ресімдеу әдістерін меңгеру дағдыларын игеруге, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметте дағдыларды пайдалануға бағытталған.
**Пререквизиттері:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Философия, Экономикалық теория.
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Сыни ойлау және аналитика, HR-басқару және аналитика.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Ғылыми зерттеулер жүргізудің теориялық негіздемелерін меңгереді; В. Ғылыми зерттеулер жүргізуге негізделген әдеибиеттерді таңдауға, ақпараттарды жинауға, талдауға дағдыланады; С. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының теориялық негіздемелерін практикамен ұштастырудың технологияларын әзірлейді D. Зерттеулер қорытындысы бойынша практикада(іс жүзінде) қолданысқа енгізуге дайын нәтижелерді әзірлейді және қолданысқа енгізеді; Е. Ғылыми-зерттеулер қорытындысы бойынша ғылыми мақала, ғылыми жобалар дайындайды

## 7 Модуль - Мемлекеттік басқарудың теориялық негіздері

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**
**Пәннің атауы**: Микроэкономика
**Бағдарлама авторы:** Игильманова С.И.
**Курсты оқытудың мақсаты:** білім алушыларға нарықтық экономиканың негіздерін, тұтынушы мен өндіруші мінез-құлқын, ресурстарды тиімді бөлу механизмдерін және мемлекеттік реттеудің рөлін түсіндіру; болашақта нарықты мемлекеттік реттеуге қатысты оңтайлы шешім әзірлеуге және қабылдауға дағдыландыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста білім алушы экономикалық тұрғыда ойлауға дағдыланады, себеп-салдар байланыстарын түсінеді. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныс заңын, нарықтық тепе-теңдіктің қалыптасуын зерттеу арқылы нарық механизмі түсіндіріледі. Ұтымды таңдау, шекті талдау, пайдалылық және шығындарды бағалау негізінде тұтынушы мен өндірушінің шешім қабылдау процесін зерттеледі. Жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайындағы фирманың өндіріс көлемін анықтауы, баға белгілеуі, пайда табуы және оны арттыруы, өндіріс факторлары нарығының қызмет ету механизмі туралы білім беріледі. Мемлекеттік реттеу құралдары ретінде салықтың, субсидияның, дотацияның, бағаны мемлекеттік реттеудің нарықтық ұсынысқа ықпалы, нарықтың осал тұстары, оларды реттеудегі мемлекеттің ролі қарастырылады. Микроэкономикадағы экономикалық-математикалық модельдеу әдістерін (графиктерді, формулаларды, логикалық модельдерді) қолдана отырып, нарықтың негізгі субъектілерінің қызметі, экономикалық құбылыстар зерттеліп, талдау жұмыстары жүргізіледі.

**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Экономикадағы цифрландыру

**Постреквизиттері:** Бухгалтерлік есеп және аудит**,** Макроэкономика, Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік сатып алуды басқару.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Нарықтық экономиканың негізгі қағидаларын, сұраныс пен ұсыныс заңдарын, тұтынушылар мен өндірушілердің мінез-құлқын түсінеді; фирма мен үй шаруашылығы деңгейінде шешім қабылдау процестерін біледі; жетілген және жетілмеген бәсеке нарықтарының белгілері мен олардағы фирма әрекетін түсінеді.

B. Қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалануға қабілетті болады; нарықтағы бағаны қалыптастыру, өндірісті тиімді ұйымдастыру және пайданы арттыру механизмін біледі және оны кәсіби тәжірибеде қолдана алады, нарықты мемлекеттік реттеу құралдарын қолданады; графиктер мен модельдер көмегімен экономикалық процестерді сипаттай алады. С. Нарықтағы ахуалды талдау және бағалау негізінде сатып алу, өндіріс көлемін анықтау, баға белгілеу, нарықта қалу немесе нарықтан шығу туралы ұтымды шешім қабылдауға бейім болады. D. Клиентке бағдарлану дағдысын меңгереді. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната біледі, олардың әрекеттерін басқаруға бейімделеді, тәуекелге баруға, өзгерістерге икемделіп, оларды басқарады; Е. Микроэкономика саласындағы жаңа ақпараттарды өз бетінше меңгере алады. Алынған білімді ары қарай оқуға, ғылыми зерттеуге немесе кәсіби қызметке қолдана алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) Е)

**Пәннің атауы:** Макроэкономика

**Бағдарлама авторы:** Игильманова С.И.

**Курсты оқытудың мақсаты**: ұлттық экономиканың қызмет ету механизмі мен заңдылықтары, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мен олардың өзара байланысы, мемлекеттің макроэкономикалық саясатының құралдары, салдары және тиімділігі бойынша білім алушыларға теориялық білім беру, білім алушыны макроэкономикалық ахуалға талдау жасау әдістемесін меңгерту, елдің макроэкономикалық ахуалына өзбетінше талдауға, қорытынды жасауға және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын бағалауға дағдыландыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытуда макроэкономика ғылымын зерттеу объектілері, макроэкономика субъектілерінің әрекеттері, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің түсініктері таныстырылады, оларды есептеу әдістемесі, динамикасы мен ауытқуының мүмкін себептері қарастырылады, экономиканың циклді дамуының себеп-салдары зерттеледі. Мемлекеттің ақша-несие, бюджет-салық, сыртқы сауда, валюта саясатының мақсаты, құралдары және тиімділігі т.с.с. сұрақтар толық қаралады. Макроэкономиканы зерттеуде оған тән агрегаттау, экономикалық-математикалық модельдеу әдістері қолданылады. Негізгі модельдер арқылы ұлттық экономиканың ахуалы талданады.

**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Микроэкономика, Статистика.
**Постреквизиттері**: Мемлекеттік қаржыны басқару, Мемлекеттік саясат және басқару, Аймақтық экономика және басқару, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** А. Макроэкономикадағы негізгі ұғымдар мен түсініктерді, модельдерді, формулаларды біледі және олардың мағынасын түсінеді; экономикалық мектептердің макроэкономикалық көзқарастарын түсінеді: В. Негізгі модельдер мен макроэкономикалық көрсеткіштерді ұлттық экономиканың ахуалын талдау мен бағалау барысында қолдана біледі; экономикалық циклдің түрлі сатыларында, төлем балансының нақты жағдайында және түрлі валюта бағамы режимінде ақша-несие және бюджет-салық саясатының құралдарын дұрыс қолданады; С. Макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикалық өзгерістеріне талдау жасайды, мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын бағалайды; D. Жасалынған талдаудың негізінде ой тұжырымдап, қорытынды жасай біледі, нақты ортада елдің макроэкономикалық ағымдық жағдайына қатысты пікірталас жүргізіп, болашаққа болжам жасайды; Е. Макроэкономика саласындағы ақпараттарды зерттеп, оны кәсіби қызметте қолдануға, әрі қарай білімін жетілдіруге бейім болады.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Экономиканы мемлекеттік реттеу
**Бағдарлама авторы:** Бимбетова Б.С.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Экономиканы реттеуге мемлекеттік көзқарастар теориясының, әдіснамасының және ұйымдастырудың негіздерін, оның тетіктерін белгілі бір елдің нақты табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларында қолдану әдістерін зерделеу.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Адам қоғамының қажеттіліктерін қанағаттандыру қандай объективті процесс болса, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге белгілі бір араласуының қажеттілігі де сондай объективті болғандықтан, мемлекет тарапынан экономикалық процестерді реттеуі - кез келген қоғамдық-экономикалық жүйені басқарудың ажырамас элементі. Сондықтан нарықтық қатынастар жүйесіне негізделген барлық елдер әртүрлі нұсқаларда қоғам өмірінде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік реттеу әдістерін кеңінен пайдаланады. Берілген пәнде мемлекеттік реттеудің әдіс-тәсілдері туралы білім бере отырып жаңа қоғамдағы экономикалық тұрақтылықтың жоғарға нәтижесіне жету жолдарын қарастырады.
**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Статистика
**Постреквизиттері**: Мемлекеттік және жергілікті басқару, Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу, Аймақтық экономика және басқару, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттік саясат және басқару, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік-жеке әріптестік
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін дамытудың қазіргі заманғы үрдістері, ұғымдар мен терминдерді білу және түсіну;
В. Тұтастай ел экономикасының тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік реттеу саласында жаңа технологияларды практикада қолдану;
С. Мемлекеттік реттеу жүйесінде қазіргі заманғы әдістерді қолданау және мемлекеттік реттеу саласындағы басқару технологияларын сыни бағалауды жүзеге асыру;
D. Жоспарлар мен болжамдарды жасау рәсіміне қатысу үшін деректер базасын қалыптастырау, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау саласындағы дағдыларды қалыптастыру;
Е. Экономикалық процестерді реттеу бойынша ахуалды бағалау, соның негізінде тиімді экономикалық саясатты жүзеге асыруға байланысты шешім қабылдау дағдысын игеру.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік басқару теориясы
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Мемлекеттік басқарудың теориялық негіздерін, функцияларын, билік органдарының өкілеттіктерін оқыту.
**Курстың қысқаша мазмұны:** «Мемлекеттік басқару теориясы» пәні, негізінен, мемлекеттік басқарудың теориялық тұстарын зерттейді, атап айтқанда, мемлекеттің типтері, функциялары, мемлекеттік басқару жүйесі, формалары, әдістері және принциптері. Мемлекеттік басқаруды ақпараттық, құқықтық және ресурстық қамтамасыз ету сұрақтары зерттеледі. Сонымен қатар, пәнді оқып-үйрену барысында білім алушылар мемлекеттік басқарудың заманауи әдістері мен технологиялары бойынша білімді меңгереді.
**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде).
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік және жергілікті басқару, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік саясат және басқару, Менеджмент және көшбасшылық.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Мемлекеттік басқарудың теорияларының, тұжырымдамаларының және қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұнын біледі. B. Мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға қатысты нормативтік актілермен, өзге де құжаттармен жұмыс істеуді практикада пайдаланады. C. Мемлекеттік билік органдарының басқару тиімділігін арттыру үшін әлеуметтік құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыда талдай біледі. D. Қазақстанда және шетелдерде мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастыру мәселелеріне қатысты жеке пікірін негіздеп, көзқарасын жүйелі баяндай біледі. E. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағыты бойынша білімін әрі қарай жалғастыру үшін қажетті білім мен дағдыларды игереді.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ББ**
**3 курс**

**Мамандық атауы және шифры: 6В04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару**
**Оқу мерзімі: 4 жыл**
**Қабылдау жылы: 2023**

| Компонент (ЖК/ТК) | Пән коды | Пән атауы | Семестр | Кредит саны |
|---|---|---|---|---|
| **8.1. Модуль -Мемлекеттік басқару: заманауи тәсіл, 10 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| КП ЖК | MZhB 3301 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 5 | 5 |
| КП ТК | ZMB 3302 | Заманауи мемлекеттік басқару | 5 | 5 |
| **8.2. Модуль -Мемлекеттік саясат және басқару негіздері , 10 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| КП ЖК | MZhB 3301 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 5 | 5 |
| КП ТК | MSB 3302 | Мемлекеттік саясат және басқару | 5 | 5 |
| **9.1. Модуль -Мемлекеттік қаржы және басқару шешімдері, 10 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| КП ТК | MKB 3303 | Мемлекеттік қаржыны басқару | 5 | 5 |
| КП ЖК | MSBSh 3304 | Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер | 5 | 5 |
| **9.2. Модуль -Мемлекеттік басқару технологиялары мен құралдары, 10 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| КП ТК | MA 3303 | Мемлекеттік аудит | 5 | 5 |
| КП ЖК | MSBSh 3304 | Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер | 5 | 5 |
| **10.1.Модуль - Кәсіпкерлікті құқықтық реттеу және кәсіби этика, 20 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| БП ТК | KK 3214 | Кәсіпкерлік құқық | 5 | 5 |
| КП ЖК | MK 3305 | Мемлекеттік қызмет | 5 | 5 |
| КП ТК | MKE 3306 | Мемлекеттік қызметшілер этикасы | 6 | 5 |
| БП | | Өндірістік практика | 6 | 5 |
| **10.2. Модуль - Мемлекеттік қызмет және антимонополиялық саясат, 20 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| БП ТК | CM 3214 | Цифрлық мемлекет | 5 | 5 |
| КП ЖК | MK 3305 | Мемлекеттік қызмет | 5 | 5 |
| КП ТК | UEAR 3306 | Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу | 6 | 5 |
| БП | | Өндірістік практика | 6 | 5 |
| **11.1. Модуль - Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық, 20 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| КП ТК | KMK 3307 | Кросс-мәдени коммуникациялар | 6 | 5 |
| БП ЖК | MK 3215 | Менеджмент және көшбасшылық | 6 | 5 |
| КП ТК | AEB 3308 | Аймақтық экономика және басқару | 6 | 5 |
| КП ТК | MZhA 3309 | Мемлекеттік-жеке әріптестік | 6 | 5 |
| **11.2. Модуль - Мемлекеттік органдар қызметі, 20 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| КП ТК | МКК 3307 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер | 6 | 5 |
| БП ЖК | МК 3215 | Менеджмент және көшбасшылық | 6 | 5 |
| КП ТК | MOKU 3308 | Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру | 6 | 5 |
| КП ТК | MSAB 3309 | Мемлекеттік сатып алуды басқару | 6 | 5 |

**8.1. Модуль -Мемлекеттік басқару: заманауи тәсіл**

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) Е)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік және жергілікті басқару
**Бағдарлама авторы:** Жакупова Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларды мемлекеттік, аймақтық басқару және мемелекеттік мекемелердегі басқару ерекшеліктері мен механизмі бойынша білім беру, мемлекеттік және жергілікті басқару инструменттерін меңгеруге және басқару әдістерін тиімді қолдануға дағдыландыру .
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста қазіргі заманғы теория мен басқару тәжірибесінің байланысы қарастырылады. Мемлекеттік және жергілікті басқарудың негізгі функцияларының мазмұны, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару процесінде қоғамның өзара әрекеттесуі, мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жолдары оқытылады. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі субъектілер мен объектілердің рөлі, әлемдік және отандық тәжірибені талдау негізінде айқындалады.
**Пререквизиттері:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Экономиканы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттік басқару теориясы.
**Постреквизиттері:** Аймақтық экономика және басқару, Мемлекеттік-жеке әріптестік, Қала экономикасы, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Мемлекеттік басқарудағы бизнес процестер, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Менеджмент және көшбасшылық, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Мемлекеттік және жергілікті басқару ұғымын, мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесінің ерекшеліктерін біледі және түсінеді. В. Білім алушы пәннің мәні мен мазмұнын сипаттайтын ұғымдық-терминологиялық аппаратты талдай біледі, барлық ұғымдардың өзара байланысын, олардың ішкі логикасын ашып қолдана алады. С. Басқарушылық міндеттерді және оларды шешу әдістерін тұжырымдау кезінде мемлекеттік басқарудың теориялық принциптерін қолдану бойынша дағдыларды меңгерген және талдау жасауға қабілетті. D. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру мақсаттары мен принциптерін қалыптастыра алады, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талдайды, оларды шешуге әсер ететін факторларды анықтайды және оларды шешу жолдарын ұсынады, іс-әрекет жоспарын құра алады. Е. Мемлекеттік және жергілікті басқару саласы бойынша тұтас білім жүйесін қалыптастыруға, білімін жетілдіруге, сәйкес салалардағы басқарудың тиімді әдістері мен технолгияларын үйренуге ынталы болады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) Е)
**Пәннің атауы:** Заманауи мемлекеттік басқару
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Мемлекеттік басқарудағы заманауи көзқарастар зерттеу арқылы білім алушыларды мемлекеттік басқаруға замануи тұрғыдан қарап, әдістер мен тәсілдерді оңтайлы қолдануға үйрету
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста мемлекеттік басқарудың эволюциясы, мемлекеттік басқаруға заманауи көзқарастар, мемлекеттік басқарудағы инновациялар, жоспарлау

негіздері, мемлекеттік органдардағы менеджмент, ақпараттар ағынын оңтайландыру, бағалау және бақылау, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, мемлекеттік қызметтегі гендерлік баланс және таланттарды басқару, көшбасшылық, корпоративтік мәдениет және құндылықтар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері, мемлекеттің экономикадағы үлесі, квазимемлекеттік сектордың ашықтығы, коммуникация және ынтымақтастық, мемлекеттік басқарудың перспективасы сұрақтары қарастырылады.
**Пререквизиттері:** Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), Пәнаралық білім беру модулі (Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Мемлекеттік басқару теориясы.
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік қызметшілер этикасы, Кросс-мәдени коммуникациялар, Менеджмент және көшбасшылық, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Коучинг және менторлық
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Заманауи мемлекеттік басқарудың әдістерін, тәсілдерін, қағидаларын біледі және түсінеді; В. Нақты ситуацияларда мемлекеттік басқарудың қағидаларына сүйене отырып, басқару функцияларын жүзеге асыруда әдіс-тәсілдерді оңтайлы қолдана біледі; С. Мемлекеттік басқару саласындағы және ұйымдардағы ахуалды талдауға, бағалауға және негізгі мәселелерді анықтауға, қорытынды жасауға және ұсыныстар беруге бейімделеді; D. Кәсіби қызметте тиімді коммуникация және ынтымақтастық орнатуға бейімделеді, ақпараттар ағынын оңтайландыруға икемді болады, көшбасшылық қабілеттіліктерін қалыптастырады; Е. Өзін-өзі дамытуға, үздіксіз оқуға, кәсіби тұрғыдан жетілуге, көшбасшылық қабілеттіліктерін дамытуға ұмтылу, кәсіби қызметте инновациялық, заманауи әдістерді қолдануға икемді болады.

**8.2. Модуль -Мемлекеттік саясат және басқару негіздері**

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) Е)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік саясат және басқару
**Бағдарлама авторы:** Жакупова Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Пәннің мақсаты тұтастай елдің экономикасына қатысты мәселелерді зерттеу және мемлекеттің макроэкономикалық саясатын жүзеге асыру жолдарын үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны**: Курсты оқуда білім алушы мемлекеттің негізгі жүзеге асыратын саясаты мен мемлекеттік басқару ғылымдарының дамуына әсер ететін негізгі теорияларды, қазіргі концепцияларды, сонымен бірге қоғамның мемлекеттік саясат пен басқарудағы өкілдігі мен қатысуының негізгі нысандарын ажыратуды, мемлекеттік басқару теорияларын корреляциялау және оларды іс жүзінде жүзеге асыру дағдылары қарастырылады.
**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Макроэкономика, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттік басқару теориясы.
**Постреквизиттер**: Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** А. Әр түрлі салалар мен біліктіліктерден тұратын, жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілік пен өкілеттікті бөлісетін және ұйымның корпоративті мәдениетін ұстануға дайын адамдардан тұратын топтың мүшесі ретінде жеке-жеке тиімді жұмыс жасау жолдарын білу. В. Қазақстан экономикасында инновациялық үлгіде практикалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған елдегі және шетелде экономикалық ғылымның заманауи жетістіктері саласында теориялық және

қолданбалы зерттеулер жүргізе білу. C. Әлеуметтік-экономикалық тиімділік өлшемдерін, қауіп-қатерлер мен ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарларды ескере отырып, әзірленген жобалар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша ұсыныстар мен шараларды дайындау және оларға талдау жасау. D. Қоғамда орын алған әлеуметтік маңызды проблемалар мен процестерді талдау және болашақта олардың мүмкін болатын дамуын болжау үшін экономика ғылымның тарихы туралы, әр түрлі деңгейдегі экономикалық жүйенің жұмыс істеу негіздері туралы терең білімді қолдану. E. Статистикалық және есептік ақпараттарды аналитикалық өңдеуге сүйене отырып, тапсырмаға сәйкес ақпараттық шолулар, аналитикалық есептер дайындау, нәтижелерді бағалау, түсіндіру.

### 9.1. Модуль -Мемлекеттік қаржы және басқару шешімдері

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік қаржыны басқару
**Бағдарлама авторы:** Ахметова Г.И.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Бюджеттік қатынастардың құрылу үдерістерінің теориялық және тәжірибелік талдауы негізінде, сонымен қатар заң және нормативті құжаттарды жалпылау, Қазақстанның бюджет саласындағы жүзеге асырылған реформалардың тәжірибесі, республикалық және аймақтық деңгейлерде бюджеттік қатынастардың ұйымдастыру, жоспарлау және басқару саласындағы білімді игерулеріне студенттерді үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста мемлекеттік қаржы жүйесінің қыр-сыры туралы кеңірек ақпарат беріледі. Аталмыш курс мемлекеттік қаржының экономикалық мәні мен мазмұнын, оның қажеттілігін түсінуге, мемлекеттік кірістер мен шығындарды жоспарлауды зерттеуге, мемлекет қаржысын тарту механизмін зерделеуге, қаржыны басқару негіздерін түсінуге, оны қалыптастыруға, бекітуге және орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылар мемлекеттік кірістер мен шығындарын талдауға машықтанады.
**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Қаржы негіздері, Макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит
**Постреквизиттері:** Аймақтық экономика және басқару, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік-жеке әріптестік, Қала экономикасы, Мемлекеттік сектордағы жобаларды басқару.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Бюджет және бюджет жүйесі түсінігі, бюджеттің құрамы мен құрылымы, бюджеттің қызметтері, Қазақстан Республикасы бюджеттік қалыптасуының негіздері, бюджет жүйесінің құрылымының құрамы мен қағидалары, сондай-ақ бюджет жүйесі және оның қызметтерін басқарудың органдары туралы білімін және түсінігін қалыптастыру. B. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі, Республикалық және жергілікті бюджет жүйесінің басқару құрылымы, бюджет кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымымен таныса отырып, олардың жұмыс жасау механизмін тәжірибе жүзінде іске асыру мен ұйымдастыра білу. C. Жекелеген бюджет түрлері бойынша көрсеткіштерді қолдана отырып салыстырмалы талдауды жасауға, бюджеттің орындалуы және жүзеге асырылу нәтижелеріне сараптама жасауға, сонымен қатар ғылыми ізденістерде математикалық тәсілдер мен элементтерді қолданып, бюджеттің нәтижелерін бағалай білу. D. Ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасаудың түрлі формаларын кәсіби деңгейде қолдана білуге дағдыландыру. E. Бюджет жүйесіне аналитикалық шолу жасағанда қарастырылған ақпаратты логикалық түрде мазмұндай отырып, зерттеу жүргізудің дағдыларын меңгеру.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Шешімдерді қабылдау кезінде болжамдау, логикалық

рәсімдердің құрылымдық сызбаларын зерттеу, менеджменттің таңдалған түрін, орналасқан ақпараттың сипатын, құралдарды, басқарушылық шешімдерді қабылдау мен іске асыруға уақытты ескере отырып, нақты міндеттер жағдайында болжамдау әдісін таңдау.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән басқарушылық шешімдердің теориялық-әдіснамалық негіздерін, олардың типологиясын, қабылдау және іске асыру механизмдерін кешенді түрде зерделеуге бағытталған. Студенттер басқару процестерінің құрылымдық күрделілігін, шешім қабылдау кезеңдерінің логикасын, белгісіздік жағдайындағы стратегиялық таңдау ерекшеліктерін терең меңгереді. Пән шеңберінде басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін аналитикалық әдістер мен модельдер қарастырылады. Ситуациялық талдау жүргізу, басқарушылық проблемаларды жүйелі түрде анықтау, мақсат қою және оған жетудің көпвариантты стратегияларын қалыптастыру, баламалы шешімдерді бағалау және оңтайлы нұсқаны іріктеу тәсілдері зерттеледі. Сонымен қатар, басқарушылық шешімдердің ұйымның қызметіне ықпалын бағалау, оларды жүзеге асыру тиімділігін өлшеу және динамикалық орта жағдайында бейімделу стратегияларын әзірлеу мәселелері қарастырылады. Пән басқару шешімдерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін құралдар мен әдістемелерді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Экономиканы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттік басқару теориясы

**Постреквизиттері:** Аймақтық экономика және басқару, Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметшілер этикасы. Менеджмент және көшбасшылық. Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Басқару процестерінің теориялық-әдіснамалық негіздерін, шешім қабылдау механизмдері мен стратегияларын талдау арқылы басқарушылық жағдайларды шешудің ұғымдық аппаратын меңгеру, басқарушылық міндеттерді құрылымдау және жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру. B. Ұйым қызметінің динамикалық ортасында, белгісіздік пен күрделі экономикалық жағдайда басқарушылық шешімдерді әзірлеудің, қабылдаудың және іске асырудың технологиялық тәсілдерін меңгеру, олардың тиімділігін бағалаудың инновациялық әдістерін қолдану. C. Басқарушылық шешімдерді әзірлеу барысында менеджменттің заманауи модельдерін, тауар нарығындағы өзгерістерді, болжамдау объектісінің ерекшеліктерін, экономикалық-математикалық модельдеу негіздерін ескере отырып, тиімді стратегиялар мен құралдарды таңдау қабілетін қалыптастыру. D. Қазақстандағы мемлекеттік кәсіпкерліктің өзекті мәселелерін, оның институционалдық дамуын, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті жетілдіру жолдарын талдау және осы мәселелер бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін дамыту. E. Мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлін, олардың әлеуметтік-экономикалық процестерге ықпалын зерттеу және мемлекеттік саясаттың ашықтығы мен тиімділігін арттырудағы маңызын терең түсіну.

**9.2. Модуль -Мемлекеттік басқару технологиялары мен құралдары**

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Мемлекеттік аудит

**Бағдарлама авторы:** Тлеукабылова К.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Курстың негізгі мақсаты білім алушыларды мемлекеттік экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде бюджеттік мекемелердің мемлекеттік аудитінің мәні мен ерекшеліктерімен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Мемлекеттік аудит» курсын оқу барысында бюджеттегі бастапқы құжаттардың мақсатын және классификациясын түсіну; операциялар немесе оқиғаларды тіркеуде қолданылатын нысандар мен талаптардың заңға сәйкестігін тексеру сұрақтары қамтылады. Оның ішінде: мемлекеттік кәсіпорындардың активтерін тексеру;

табысты бөлу туралы ережелерді орындауын тексеру; материалдық шығындардың заңдылығын; мемлекеттік басқару органдарындағы ішкі бақылау жүргізу тәртібі; мемлекеттік мекемелердегі қаржылық есеп беруді бақылау ерекшелігі.
**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Бухгалтерлік есеп және аудит, Қаржы негіздері.
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Түрлі шаруашылық құрылымдардың, корпорациялар мен компаниялардың қызметін қаржылық бақылау және экономикалық талдау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді; экономиканы басқарудың нарықтық қатынастары жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлін; мемлекеттік аудиттің түрлері туралы білу. B. Мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің, инвестициялық институттар мен меншіктің түрлі нысанындағы кәсіпорындардың мемлекеттік аудитін жүргізу әдістері мемлекеттік аудитті жүргізудің бағыттары мен кезеңдерін, мемлекеттік аудитті жүргізудің жоспары мен бағдарламасын жасау технологиясын меңгеру. C. Қаржылық тексерулердің мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін дұрыс анықтау. D. Қаржы органдарының қызметін ұйымдастыру принциптерін зерделеуді; қаржылық бақылау мен аудиттің даму бағыттары мен кезеңдерін анықтау. E. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің процестері мен нәтижелерін талдай білу.

## 10.1.Модуль - Кәсіпкерлікті құқықтық реттеу және кәсіби этика

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Кәсіпкерлік құқық
**Бағдарлама авторы:** Рзагулова С.Р.
**Курсты оқытудың мақсаты:** ҚР-дағы кәсіпкерлік қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы, сондай-ақ ҚР-дағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелері туралы білімді қалыптастыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Кәсіпкерлік құқық» курсы білім алушыларды кәсіпкерлік құқық түсінігі, оның негізгі түрлері, нысаны және қайнар көздері, кәсіперлік құқық субъектілерінің жалпы сипаттамасы, кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, коммерциялық заңды тұлғалардың түрлері мен ұйымдық-құқықтық нысандары, кәсіпкерлік қызметтегі мүліктің құқықтық режимі, міндеттемелік құқық, кәсіпкерлік шарт жасасу, оны өзгерту және тоқтату ерекшеліктері, кәсіпкерлердің банкроттығы, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершілік, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау туралы оқытады. Курсты оқу үшін рөлдік ойындар, бағытталған пікірталастар, тренингтер сияқты белсенді оқыту әдістері қолданылады.
**Пререквизиттері:** Пәнаралық білім беру модулі (Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
**Постреквизиттері:** Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу, Мемлекеттік-жеке әріптестік, Мемлекеттік сатып алуды басқару.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Құқықтың базалық салаларының бірі ретінде кәсіпкерлік құқық туралы; оның принциптері, міндеттері, құрылымы туралы; кәсіпкерлік қатынастарды реттейтін шаруашылық заңнаманың жүйесі туралы түсінікке ие болу. B. Кәсіпкерлік қатынастардың, кәсіпкерлік қызметтің мазмұны; шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысандары; кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеу ерекшеліктері. C. Заң нормаларының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын, атап айтқанда, кәсіпкерлік және азаматтық-құқықтық дауларды қарау кезінде түсіндіру; шаруашылық дауларды шешудің құқық қолдану және сот практикасын қорыту негізінде жасалған міндеттер мен казустарды шешу; заңнама мен құқық қолдану практикасын түсіндіру бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу. D. Практикалық дағдыларды меңгеру: кәсіпкерлік шарттарды құру. E. Болашақ кәсіби

қызметінде заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің әр түрлі нормаларын қолдану.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік қызмет
**Бағдарлама авторы:** Бимбетова Б.С.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге мемлекеттік қызметтің құрылымы, принциптері, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оның тиімділігін арттыру әдістері туралы кешенді білім беру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәні мемлекеттік қызметтің теориялық негіздерін, құрылымын, жұмыс істеу принциптерін, мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің басқару жүйесін зерттейді. Пәнде мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігі, олардың әлеуметтік кепілдіктері мен жауапкершіліктері, қызметтің тиімділігін арттыру жолдары, сонымен қатар Қазақстандағы мемлекеттік қызметті жетілдіру бағыттары қарастырылады.
**Пререквизиттері:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Экономиканы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттік басқару теориясы, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер.
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік қызметшілер этикасы, Кросс-мәдени коммуникациялар, Менеджмент және көшбасшылық, Аймақтық экономика және басқару, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар, Коучинг және менторлық, HR-басқару және аналитика.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Мемлекеттік қызмет саясатынының мазмұнын, мәнін және мақсатын білу және түсіну. B. Мемлекеттік қызметке қатысты саясатты қалыптастыру ережелерін практикада қолдану. C. Мемлекеттік қызметтегі кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және жеке даму үшін қажетті ақпаратты іздестіруді жүзеге асыру компонентін қолдана білуі. D. Мемлекеттік қызметте қызметтік ақпарат алмасу технологияларын, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын меңгеру. E. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау процесінде туындайтын жағдайларды шешуге қажетті оқыту саласындағы қорытындыларды бағалай білуі.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік қызметшілер этикасы
**Бағдарлама авторы:** Бимбетова Б.С.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге мемлекеттік қызметтегі кәсіби этика, моральдық принциптер және қоғамдық қызметте адалдық пен әділдікті сақтау қағидаларын меңгерту.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мінез-құлқы мен моральдық жауапкершілігін, қызметтік этика мен моральдық принциптерді сақтау, сондай-ақ қоғамдық қызметте адалдық, әділдік және кәсібилік стандарттарын дамыту мәселелерін қарастырады. Пәнде мемлекеттік қызметшілердің қарым-қатынастарында этикалық нормаларды сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ашықтық және әділеттілік принциптері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі этикалық қиындықтарды шешу жолдары талқыланады.
**Пререквизиттері:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Ұлттық руханият, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттік басқару теориясы, Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер.

**Постреквизиттері:** Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер, Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Коучинг және менторлық.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A.Студенттер мемлекеттік қызметтегі этикалық нормалар мен кәсіби мінез-құлық стандарттарын меңгереді және олардың қызметтік ортадағы маңыздылығын түсінеді. B.Студенттер мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әлеуметтік жауапкершіліктерін, әсіресе адалдық, әділдік және қоғам алдындағы міндеттерін түсініп, өз қызметінде этикалық принциптерді ұстануға дайын болады. C. Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру үшін қажетті дағдылар мен этикалық стратегияларды игереді. D.Мемлекеттік қызметтің этикалық негіздері саласындағы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау саласындағы дағдыларды қалыптастыру. E.Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау процесінде туындайтын этикалық даулы жағдайларды шешуге қажетті оқыту саласындағы қорытындыларды бағалай білуі.

### 10.2. Модуль - Мемлекеттік қызмет және антимонополиялық саясат

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Цифрлық мемлекет
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Мемлекеттің экономикасын цифрландыру тұрғысынан экономикалық құбылыстардың бағалау, цифрлық экономика мен ғаламдық цифрлық кеңістіктің экожүйесін қалыптастыру процестеріне қалай тиімді қатысуға болатындығын білу.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән цифрлық мемлекетті қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оның инфрақұрылымын, экономикалық және басқарушылық аспектілерін терең зерделеуге бағытталған. Курста цифрлық экономика мен мемлекеттік басқарудың өзара әрекеттесуінің негізгі қағидаттары, цифрлық платформалар мен сервистердің трансформациясы, деректерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау ерекшеліктері қарастырылады. Пән шеңберінде мемлекеттік басқару жүйесін цифрландырудың жаһандық трендтері, озық халықаралық тәжірибелер, сондай-ақ цифрлық трансформацияның ұлттық экономиканы дамытуға әсері зерттеледі. Студенттер цифрлық инфрақұрылымның эволюциясын, инновациялық экожүйенің даму модельдерін, жасанды интеллект пен үлкен деректерді басқару әдістерін меңгереді.
Сонымен қатар, мемлекеттік органдардағы цифрлық технологияларды енгізу мен пайдалану стратегиялары, электронды үкіметтің функционалдық мүмкіндіктері және киберқауіпсіздік мәселелері қарастырылады. Курстың практикалық бөлімінде цифрландырудың экономикалық тиімділігін бағалау әдістері, цифрлық саясаттың құралдары мен нормативтік-құқықтық реттеудің өзекті мәселелері талқыланады.
**Пререквизиттері:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономикадағы цифрландару, Заманауи мемлекеттік басқару.
**Постреквизиттер:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру, Мемлекеттік сатып алуды басқару, Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, HR-басқару және аналитика.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:**
A. Электрондық бизнес пен коммерцияның ерекшеліктерін, желілік экономиканың құрылымдық модельдерін, интернеттегі маркетингтік стратегияларды және олардың мемлекеттік басқаруда қолданылу мүмкіндіктерін жүйелі түрде меңгеру. B. Шығармашылық ойлау қабілетін дамыта отырып, цифрлық экономиканың барлық салаларында инновациялық шешімдерді әзірлеу, жаңа цифрлық технологияларды енгізу және оларды проблемалық жағдайларда тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. C. Цифрлық экономиканың негізгі ұғымдары мен концепцияларын терең меңгеру, олардың

мемлекеттік басқару мен бизнес процестерін оңтайландырудағы рөлін түсіну және цифрлық трансформацияның әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалай білу. D. Критикалық ойлау дағдыларын дамыту арқылы цифрлық кеңістіктегі ақпараттың сенімділігін бағалау, экономикалық процестерді талдау және мемлекеттік цифрландыру саясатындағы негізгі үрдістер мен сын-қатерлерді сараптай білу. E. Заманауи цифрлық технологияларды ескере отырып, интернетке байланысты басқару процестерін жетілдіру, деректерге негізделген шешім қабылдау әдістерін меңгеру және цифрлық мемлекет тұжырымдамасының дамуына үлес қоса білу.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу
**Бағдарлама авторы:** Бимбетова Б.С.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушылар үшін Қазақстан экономикасындағы монополия субъектілерінің қызметін мемлекеттік тұрғыдан реттеу әдістері, құралдары және мемлекеттің антимонополиялық саясатының бағыттары мен берілген саясаттың тиімділігі саласында білім беру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән ұлттық экономиканы монополияға қарсы реттеудің теориялық және құқықтық негіздерін, қазіргі монополияға қарсы заңнама жағдайында мәселелерді шешудің практикалық тәжірибесін қалыптастыруды зерттейді. Курста халықаралық және қазақстандық заңнамадағы монополияға қарсы саясаттың негізгі элементтерін, нарықтық құрылымдардың түрлерін, жетілген және жетілмеген бәсеке нарықтарының жұмыс істеуін, монополияның себептерін, монополияға қарсы реттеудің негізгі проблемалары туралы идеяларды, сондай-ақ монополияға қарсы реттеудің негізгі мәселелері, және оларды шешу әдістері туралы әртүрлі көзқарастарды қарастырады.
**Пререквизиттері:** Пәнаралық білім беру модулі (Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі), Экономикалық теория, Микроэкономика, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Кәсіпкерлік құқық.
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Қала экономикасы
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A.Монополияға қарсы саясат субъектілері туралы, монополияға қарсы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесін, олардың міндеттері мен функцияларын білу. B.Монополияға қарсы реттеуді жүзеге асыру кезінде туындайтын накты тәжірибелік жағдайларды шешуде теориялық білімді қолдану. C. Баға белгілеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік және корпоративтік сатып алу сияқты монополияға қарсы құқық институттарының сипаттамалары мен ерекшеліктерін зерделеу. D.Монополияға қарсы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін, монополияға қарсы құқықтық қатынастардың құрылымын, мемлекеттің монополияға қарсы реттеу саласындағы негізгі функцияларын сипаттай алу. E. Монополияға қарсы қызметті құқықтық реттеу саласында қалыптасатын проблемалар мен жағдайларды, монополияға қарсы реттеудің жекелеген салаларын құқықтық реттеу саласындағы проблемаларды игеру.

## 11.1 Модуль - Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Кросс-мәдени коммуникациялар
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларда келіссөздердің тиімділігін арттыруды, сондай-ақ көпмәдениетті ұйымдарда персоналды басқару және алынған білімді тәжірибеде қолдану мақсатында заманауи жаһандану жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруда мәдениетаралық көзқарасты қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Кросс-мәдени коммуникациялар» пәні жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық қарым-қатынастың теориялық және қолданбалы аспектілерін зерттеуге бағытталған. Курс мәдениеттердің әртүрлілігі мен олардың коммуникациялық стильдерге әсерін талдауға, мәдени ерекшеліктердің басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпалын зерделеуге, сондай-ақ мәдениетаралық кедергілерді еңсеру стратегияларын меңгеруге мүмкіндік береді.
Пән шеңберінде мәдениетаралық өзара әрекеттесудің негізгі тұжырымдамалары, көпұлтты ортадағы тиімді коммуникация принциптері, мәдени айырмашылықтарға негізделген қақтығыстарды басқару әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, студенттер мәдени сәйкестілік, мәдени бейімделу және кросс-мәдени келіссөздер жүргізу дағдыларын дамытады.
Курс барысында студенттер мәдениеттің басқару стильдеріне, шешім қабылдау тәсілдеріне және ұйымдық мінез-құлыққа әсерін зерттейді. Халықаралық және көпмәдениетті ортада тиімді іскерлік қарым-қатынас орнату үшін мәдениаралық менеджменттің негізгі қағидалары мен стратегияларын игеру қарастырылады. Сондай-ақ, студенттер әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас орнатудың, бейімделудің және интеграцияның заманауи модельдік тәсілдерін меңгереді.
**Пререквизиттері:** Шетел  тілі, Қазақ (Орыс) тілі, Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, мәдениеттану, психология), Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Ұлттық руханият, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызмет
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент,
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Мәдениетаралық коммуникацияның теориялық негіздерін, мәдени айырмашылықтардың қарым-қатынасқа ықпалын және мәдениетаралық ортадағы кедергілерді еңсеру стратегияларын меңгеру. B. Көпұлтты ұжымдардағы басқару үдерістерін талдауға және шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде мәдени факторларды ескеруге мүмкіндік беретін мәдениетаралық менеджмент теорияларын тәжірибеде қолдану. C. Мәдениетаралық ортада тиімді команда құру, көпмәдениетті ұжымда қолайлы психологиялық климат қалыптастыру, мәдениетаралық қарым-қатынас кедергілерін жеңу әдістерін меңгеру. D. Әртүрлі елдердегі басқару стильдерінің ерекшеліктерін, олардың қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіну және бұл білімді халықаралық және көпұлтты ұйымдарда басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде пайдалану. E. Мәдениетаралық коммуникация ерекшеліктеріне негізделген кадрлық стратегияларды әзірлеу, халықаралық ұйымдарда персоналды басқару саласындағы тиімді шешімдерді жүзеге асыру.

**Дублин дискрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы**:  Менеджмент және көшбасшылық
**Бағдарлама авторы:** Султамуратова Н.Б.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларда менеджмент және көшбасшылық саласында теориялық білім кешенін қалыптастыру; команда құрудың практикалық дағдыларын және басқарудың негізгі функциялары мен әдістерін іске асыруды үйрету, сондай-ақ әртүрлі қызмет салаларындағы заманауи ұйымдарда тиімді басшылық жасау үшін көшбасшылық қасиеттерді жетілдіру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән білім алушыларды заманауи менеджмент және көшбасшылық саласындағы білім мен дағдылар кешенімен қамтамасыз етеді. Курсты игеру барысында менеджменттің негізгі функцияларын, басқарушылық стильдерін, көшбасшылық пен билік теорияларын іске асыруда тиімді әдістер мен технологияларды таңдау және қолдану дағдыларын, басқарушылық ситуацияларды шешу үшін коммуникация, топтық жұмыс және жанжалдарды басқару дағдыларын қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Мемлекеттік басқару теориясы, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік қызмет
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Аймақтық экономика және басқару, Аймақтық жоспарлау және болжау, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, Коучинг және менторлық, HR-басқару және аналитика
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A.Қазіргі менеджмент пен көшбасшылықты дамытудың негізгі процестері мен бағыттарының білімін көрсетеді және мәнін түсінеді;B. Көшбасшылық пен биліктің теорияларын, принциптері мен негіздерін, сондай-ақ менеджментте көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, дамыту және жетілдіру дағдыларын қолдана алады; C.Менеджмент функцияларын жүзеге асырудың тиімді формаларын, әдістері мен технологияларын және ұйымдағы нақты ситуацияға сәйкес келетін көшбасшылық стилін таңдай алады; D.Стратегиялық және оперативті басқарушылық міндеттерін шешу үшін тиімді коммуникация, командалық білім беру дағдыларын меңгеру; E.Басқарушылық шешімдердің әр нұсқасының тиімділігін ресурстарды пайдаланудың күтілетін деңгейі мен күтілетін құндылық арасындағы байланыс ретінде бағалайды.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Аймақтық экономика және басқару
**Бағдарлама авторы:** Жакупова Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларды аймақтық деңгейде елдің шаруашылық механизмінің қызмет ету мүмкіндіктерінің қалыптасу жолдарын кешенді оқытады және аймақтық деңгейдегі мемлекеттің шаруашылық кешенінің қалыптасуындағы экономикалық механизмін құрудың мүмкін жолдарын кешенді зерттеу, тұтастай елдің экономикалық мүдделерін анықтау және дамыту бағыттарымен, саясатымен таныстыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Аймақтық экономика экономика ғылымдарының маңызды салаларының бірі болып табылады. Оның танымының негізгі объектісі ұлттық экономика қатынастарының жалпы жүйесіндегі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы болып табылады және кейінгі тұрақтандыру мен тұрақты даму сол немесе басқа аймақтық фактормен тығыз байланысты. «Аймақтық экономика және басқару» курсында оның теориялық тұжырымдамалары мен практикалық маңыздылығын қарастырады. Атап айтсақ, аймақ шаруашылық жүргізу және басқару объектісі ретінде, аймақтық экономиканың әлеуеті, ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері, аймақтық саясат және аймақтық экономиканы мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибелерін қарастырады.
**Пререквизиттері:** Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Экономиканы мемлекеттік реттеу, Статистика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мемлекеттік қаржыны басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік қызмет, Менеджмент және көшбасшылық
**Постреквизиттері:** Қала экономикасы, Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Аймақ, территория, аудан, өндірістік торап, арнайы аймақ түсініктерін ажыратады, белгілі бір аймаққа қатысты негізгі фактілерді біледі.
B. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен, мемлекеттік саясат, экономиканы жоспарлау, болжау және мемлекеттік реттеу саласындағы эмпирикалық және жүйелік талдау нәтижелерімен жұмыс жасайды.
C. Аймақтық және жергілікті деңгейде мамандану деңгейін талдайды, өңірлердің экономикалық дамуын реттеудің негізгі тәсілдері мен әдістерін қолдана алады.
D. Аймақтағы өнеркәсіптің, қаржының, мәдениеттің жағдайын анықтай алады, бюджетті қалай есептеуді біледі, қаржылық есептілікті жүргізеді, аймақтық дамудың негізгі

үрдістерін бағалау дағдыларын, креативті ойлау дағдыларын меңгереді: жаңа бірегей идеяларды жасау және табу қабілеті, проблемаларды стандартты емес түрде шешуді табысты таба біледі, кез келген мәселені шешуге шығармашылықпен қарайды, өздігінен білім алуға және өзін-өзі дамытуға ұмтылады
E. Болжау, жаспарлау және бағдарламалау арқылы аймақтық экономиканың негізгі механизмдерін ажыратады. Инвестиция мен қаржыландыруды бағалай алады, жекелеген өңірлердің экономикасының жай-күйіне талдау жүргізу және даму перспективаларын айқындау үшін экономикалық және әлеуметтік ақпарат көздерін пайдалана біледі.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік-жеке әріптестік
**Бағдарлама авторы:** Жунусов Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты:** инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда мемлекет пен бизнестің тиімді өзара әрекеттесуі үшін қажетті теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды білім алушылардың бойында дамыту.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курс әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу, экономикаға жеке инвестицияларды тарту, инфрақұрылымдық нысандардың сапасы мен қолжетімділігін арттыру, бюджеттік шығындарды барынша азайту үшін мемлекет пен бизнестің қалай тиімді ынтымақтаса алатынын түсінуге мүмкіндік береді. Пәнді оқу барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тұжырымдамасы, принциптері, құқықтық және институционалдық негіздері, модельдері, қаржыландыру механизмдері және ұйымдастыру формалары зерттеледі. МЖӘ жобаларының тиімділігі мен тәуекелдері бағаланып, сәтті және проблемалық кейстер талданады.МЖӘ шеңберінде келісімдерді дайындау, жасау және басқару процедуралары оқытылады. Серіктестіктердің инфрақұрылымды, инновацияларды, әлеуметтік саланы және өңірді дамытуға әсерін талданады.
**Пререквизиттері:** Пәнаралық білім беру модулі (Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі), Қаржы негіздері, Маркетинг, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мемлекеттік қаржыны басқару, Кәсіпкерлік құқық.
**Постреквизиттері**: Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар, Қала экономикасы, Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер, Аймақтық жоспарлау және болжау, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік түсінігін, оның экономика мен мемлекеттік инфрақұрылымды дамытудағы рөлін түсіну; МЖӘ құқықтық, институционалдық және экономикалық негіздерін білу; мемлекет пен жеке сектор арасындағы тәуекелдерді бөлу механизмдерін түсіну; МЖӘ саласындағы халықаралық тәжірибе мен озық тәжірибені түсіну. B. МЖӘ жобаларын әзірлеу және талдау, олардың экономикалық қисындылығы мен әлеуметтік әсерлерін бағалау; МЖӘ жобаларын қаржыландыру және модельдеу әдістерін білу; МЖӘ жүзеге асыру үшін нормативтік актілер мен нормативтік талаптарды қолдана білу. C. Экономиканың әртүрлі салаларындағы МЖӘ пайдасы мен тәуекелдерін сыни тұрғыдан түсіну; мемлекеттік қаржыландырудың дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда МЖӘ тиімділігін талдау; қоғам мен бизнес үшін МЖӘ жобаларын іске асырудың ықтимал салдарын бағалау. D. Мемлекеттік және жеке серіктестерге МЖӘ негізгі аспектілерін түсіндіру және дәлелдеу мүмкіндігі; МЖӘ саласындағы келіссөздер мен келісімшарттық келісімдер бойынша дағдыларды меңгеру; МЖӘ жобаларын жүзеге асыру үшін командаларда жұмыс істей білу. E. МЖӘ саласындағы жаңа тенденциялар мен өзгерістерді өз бетінше зерделей білу; МЖӘ жобаларын бағалау үшін аналитикалық құралдар мен цифрлық технологияларды пайдалануға дайын болу; МЖӘ құқықтық және экономикалық реттеудің өзгермелі шарттарына бейімделу мүмкіндігі.

**11.2 Модуль - Мемлекеттік органдар қызметі**

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
**Бағдарлама авторы:** Жунусов Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, мемлекеттік қызметті ұсынушылардың міндеттері, мемлекеттік қызмет көрсету саласын реттеудегі мемлекеттік органдардың құзыреттіліктері, мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бақылау және бағалау туралы теориялық білім берумен қоса, оларды практикалық тапсырмалар орындау арқылы клиентке бағдарлану, нәтижеге бағытталу дағдысына бейімдеу.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары, қызмет алушылардың құқықтары, мемлекеттік қызмет көрсетушілердің құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік қызметті көрсетілу процедуралары, «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ қызметтері зерттеледі, мемлекеттік қызмет көрсету саласының мемлекеттік реттелуі, олардың сапасын мемлекеттік бақылау және қоғамдық бағалау ерекшеліктері мен тәртібі оқытылады.
**Пререквизиттері:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономикадағы цифрландыру, Мамандыққа кіріспе (ағылшын тілінде), Маркетинг, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мемлекеттік аудит, Мемлекеттік қызмет, Цифрлық мемлекет
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен қызметті тұтынушылардың құқықтарын, ұсынушылардың міндеттері мен құқықтарын білу және түсіну. B. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі қағидаларды ұстануға және стандарттарды сақтауға машықтану. C. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі орын алуы мүмкін мәселелерге қатысты пікірін білдіру, қызмет көрсету сапасын жетілдіруге қатысты ұсыныстар беруге дағдылану. D. Мемлекеттік қызмет көрсетуде тұтынушыларға бағдарлану дағдысын қалыптастыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау процедураларын меңгеру. E. Мемлекеттік қызмет көрсетуде қолданылатын стандарттар мен заңнамаларды өзбетінше зерттеуге, саладағы жаңа технологияларды үйренуге бейім болу .

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Бағдарлама авторы:** Бимбетова Б.С.
**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушыларда мемлекеттік органдардың жұмыс жасау принциптерін, құрылымын, функцияларын және механизмдерін түсінуге қажетті білім мен дағдыны қалыптастыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымы, оның функциялары мен жұмыс істеу принциптерін зерттейді. Мемлекеттік органдардың құрылымы мен қызметі, олардың міндеттері мен функциялары, жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері туралы білім береді. Сонымен қатар, басқару шешімдерін қабылдаудың әдістері, мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен озық тәжірибелері де осы пән аясында қарастырылады.
**Пререквизиттері:** Мемлекеттік және жергілікті басқару, Бухгалтерлік есеп және аудит**,** Мемлекеттік саясат және басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Цифрлық мемлекет, Мемлекеттік қызмет

**Постреквизиттері:** Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар, Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау, Стратегиялық мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент, HR-басқару және аналитика.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Студенттер мемлекеттік органдардың құрылымы мен қызметінің негізгі принциптерін, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс жасау тәртібі туралы түсінігіне ие болады. B. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктерін білу және оларды дұрыс орындаудың маңыздылығын түсінеді. C. Мемлекеттік орган қызметін ұйымдастыруға қатысты ғылыми талдауды жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру. D. Мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік үдерістерін, мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы рөлін және олардың қоғаммен байланысын талдай алу дағдыларын қалыптастыру; Мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бейімделу. E. Мемлекеттік органдардың халықпен, басқа мемлекеттік органдармен және жеке сектормен тиімді өзара әрекеттесуін

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік сатып алуды басқару
**Бағдарлама авторы:** Басшиева Ж.К.
**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге мемлекеттік сатып алу жүйесінің теориялық және практикалық негіздерін меңгерту, мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді пайдалану қағидаттарын үйрету және осы саладағы заңнамалық нормаларды түсіндіру; мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сатып алу жүйесін тиімді, ашық және әділ ұйымдастыру үшін қажетті білімдер мен дағдыларды қалыптастыру.
**Курстың қысқаша мазмұны:** Пән мемлекеттік сатып алудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық аспектілерін зерттеуге бағытталған. Пәнді оқыту барысында мемлекеттік сатып алудың экономиканың тұрақтылығы мен тиімділігіне әсері, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдар мен ережелер, олардың қолданылу тәртібі, конкурстық, аукциондық, тікелей келісімшарт жасау сияқты тәсілдер, оқытылады. Сатып алуларды жоспарлау, бюджетті бөлу және қаржылық бақылау әдістері қарастырылады, мемлекеттік қаржының тиімді әрі мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету, ашықтық пен әділ бәсекелестікті арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру бойынша теориялық және практикалық білімдер беріледі. Тендерлерге қатысуды, мемлекеттік сатып алу порталын қолдануды, құжаттарды дұрыс рәсімдеуді үйренеді
**Пререквизиттері:** Маркетинг, Микроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит, Қаржы негіздері, Мемлекеттік қаржыны басқару, Мемлекеттік саясат және басқару, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік аудит, Кәсіпкерлік құқық, Мемлекеттік қызмет, Цифрлық мемлекет.
**Постреквизиттері:** Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар Стратегиялық мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару, Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A.Мемлекеттік сатып алу жүйесінің құқықтық негіздерін түсінеді (заңдар, нормативтік актілер); мемлекеттік сатып алу түрлерін, әдістерін және рәсімдерін біледі; тендерлік процестердің құрылымы мен кезеңдерін меңгереді. B.Мемлекеттік сатып алуды реттейтін ұлттық және халықаралық заңнамаларды талдайды; сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсінеді. C. Мемлекеттік сатып алу бойынша құжаттарды әзірлейді және рәсімдейді; электрондық мемлекеттік сатып алу платформаларымен жұмыс істейді; тендерлерді ұйымдастыру және конкурстық өтінімдерді бағалайды. D.Мемлекеттік сатып алу шығындарын оңтайландыру әдістерін қолданады. Сатып алу кезінде баға мен сапа арақатынасын талдайды. E. Мемлекеттік сатып алу саласындағы этикалық нормаларды сақтайды. Ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету қағидаларын ұстанады.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ББ**
**4 курс**

**Мамандық атауы және шифры: 6B04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару**
**Оқу мерзімі: 4 жыл**
**Қабылдау жылы: 2022**

| Компонент (ЖК/ТК) | Пән коды | Пән атауы | Семестр | Кредит саны |
|---|---|---|---|---|
| **11.1. Модуль - Тиімді коммуникация және көшбасшылық, 18 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| БП ТК | MKK 4219 | Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар | 7 | 3 |
| **11.2. Модуль - Әлеуметтік экономика және мемлекет, 18 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| БП ТК | MAS 4219 | Мемлекеттің әлеуметтік саясаты | 7 | 3 |
| **12.1. Модуль - Өңір экономикасы, 20 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| КП ТК | KE 4305 | Қала экономикасы | 7 | 5 |
| КП ТК | MBBP 4306 | Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер | 7 | 5 |
| КП ТК | AZhB 4307 | Аймақтық жоспарлау және болжау | 7 | 5 |
| **12.2. Модуль - Мемлекеттік саясаттың тиімділігі , 20 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| КП ТК | MBAAZh 4305 | Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар | 7 | 5 |
| КП ТК | MSTB 4306 | Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау | 7 | 5 |
| КП ТК | SMB 4307 | Стратегиялық мемлекеттік басқару | 7 | 5 |
| **13.1. Модуль - Мемлекет пен бизнестің ынтымақтастығы, 10 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| КП ЖК | MSZhB 4309 | Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару | 7 | 5 |
| **13.2. Модуль - Мемлекеттік сатып алу және жобалау, 10 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| КП ЖК | MSZhB 4309 | Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару | 7 | 5 |
| **14.1. Модуль - Ынтымақтастық және тәуекелді басқару, 25 кредит (Оқыту траекториясы: 1. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару)** | | | | |
| КП ЖК | MBTM 4310 | Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | 7 | 5 |
| КП ТК | KM 4311 | Коучинг және менторлық | 7 | 5 |
| **14.2. Модуль - Адами ресурстар және тәуекелді басқару, 25 кредит (Оқыту траекториясы: 2. Мемлекеттік саясат және басқару)** | | | | |
| КП ЖК | MBTM 4310 | Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент | 7 | 5 |
| КП ТК | HRBA 4311 | HR-басқару және аналитика | 7 | 5 |

**11.1. Модуль - Тиімді коммуникация және көшбасшылық**
**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** мемлекеттік қызметшілердің кәсіби коммуникациялық дағдыларын дамыту, олардың ақпаратты тиімді жеткізу, тыңдау, жазу және сөйлеу қабілеттерін жетілдіру арқылы мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайту болып табылады. Бұл пән мемлекеттік қызметшілердің халықпен, әріптестерімен және басқа да мүдделі тараптармен сапалы әрі нәтижелі қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** "Мемлекеттік қызметтегі коммуникациялар" пәні мемлекеттік органдар мен қызметкерлер арасындағы тиімді ақпарат алмасу және қоғаммен байланыс орнату дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл пән мемлекеттік қызметшілердің кәсіби коммуникацияларын жетілдіру, ақпараттық технологияларды қолдану, қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу тәсілдерін үйретуді қамтиды. Білім алушыларға мемлекеттік мекемелерде ресми хат жазу дағдыларын үйренеді. Білім алушыларға ресми әлеуметтік желідегі жазбаларды нанымды жазу және ресми әлеуметтік парақша ережелерін сақтау үйретіледі.
**Пререквизиттері:** Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік қызметшілер этикасы, Кросс-мәдени коммуникациялар, Мемлекеттік-жеке әріптестік
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Мемлекеттік қызметшілердің коммуникативті құзыреттерінің құрылымы мен мазмұнын, мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы іскерлік коммуникация процесін басқару негіздерін білу. B. Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру үшін коммуникацияны басқару құралдарын қолдану және келіссөздер жүргізе алу, жеке құраммен жұмыс істеуде психологиялық әсер етудің негізгі құралдарын пайдалану. C. Мемлекеттік және жергілікті басқару саласында негізгі коммуникациялық технологияларды қолдану және басқару жүйесіндегі коммуникативті кеңістікті формализациялау негіздерін пайдалану. D. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі коммуникативті кеңістікті талдаудың негізгі әдістері мен негізгі коммуникациялық технологияларды игеру. E. Тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту (вербалды емес ақпаратты түсіндіру) және қоғам өмірінде болып жатқан коммуникациялық процестерді талдау.

**11.2. Модуль - Әлеуметтік экономика және мемлекет**

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттің әлеуметтік саясаты
**Бағдарлама авторы:** Жунусов Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты:** әлеуметтік саясаттың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін түсіндіру, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік шараларды талдау дағдыларын қалыптастыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнде әлеуметтік саясаттың мәні, мақсаттары мен міндеттері, оның қоғамдағы орны мен рөлі талқыланады. Әлеуметтік саясаттың негізгі ұғымдары мен қағидаттары қарастырылады. Мемлекеттің әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастырудағы қызметі, әлеуметтік қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім беру және тұрғын үй саясаты сияқты салалардағы рөлі зерттеледі. Халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік сақтандыру, жұмыспен қамту, еңбекақы саясаты, әлеуметтік көмек және

қолдау шаралары сияқты бағыттар қарастырылады. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың қалыптасуы мен дамуы, оның негізгі бағыттары мен басымдықтары, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі жағдайы талқыланады. Әлемдегі әртүрлі елдердің әлеуметтік саясат жүргізудегі тәжірибелері мен модельдері зерттеледі.

**Пререквизиттер** Ұлттық руханият, Макроэкономика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Статистика, Мемлекеттік саясат және басқару

**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A. Білім алушыларда әлеуметтік саясаттың мәні, мақсаты, міндеттері, қоғамдағы рөлі, құралдары, жүзеге асу механизмдері туралы түсінік болады. B. Әлеуметтік саланың дамуына талдау жасайды; нақты әлеуметтік салалар бойынша бағдарламалар, жобалар әзірлеуге қабілетті болады; мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар мен реформаларды зерттейді, талдайды, оларға қатысты ой тұжырымдайды. C. Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың нәтижелігін анықтайды, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, талдайды; экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатына әсерін бағалайды; нақты әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған ұсыныстар әзірлейді; D. Әлеуметтік мәселелерге қатысты деректерді жинап, өңдеп, оларға өз бетінше талдау жасап, бағалай алады; әлеуметтік саясат мәселелері бойынша әріптестерімен пікірталас жүргізе алады, дәлелдер келтіреді, сараптамалық қорытындылар жасайды. E. Әлеуметтік мәселелерге қатысты ғылыми зерттеулер жүргізуге, түрлі әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында дайындалатын жобаларға қатысуға, мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін арттыру бағытында білімін жетілдіруге икемді болады.

## 12.1. Модуль - Өңір экономикасы

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Қала экономикасы

**Бағдарлама авторы:** Жунусов Б.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** білім алушыларға қалалардың экономикалық жүйелерін, олардың экономикалық динамикасын және урбанизацияның әлеуметтік-экономикалық әсерлерін түсіндіру, тиімді саясат жүргізуге, шешімдер қабылдауға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қала типологиясы, экономикалық құрылымы, шаруашылық секторлары, бюджеті, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалары сұрақтары қарастырылады. Қалалардың тұрақты дамуы, ресурстарды тиімді пайдалану және қалалық ортадағы кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктері туралы білім береді. Урбанизация процестері, қалалық инфрақұрылым, тұрғын үй саясаты, көлік жүйелері, еңбек нарығы, қоршаған орта және әлеуметтік мәселелер сияқты тақырыптарды қамтиды. Қалалардың экономикалық өсуіне әсер ететін факторлар, қалалық жоспарлау және басқару стратегиялары талқыланады. Білім алушы қалалардың қалыптасуы мен дамуының экономикалық аспектілерін, қалалық инфрақұрылымның тиімділігін, сондай-ақ қалалық саясат пен жоспарлаудың экономикалық негіздерін меңгереді.

**Пререквизиттері:** Мемлекеттік және жергілікті басқару, Статистика, Мемлекеттік-жеке әріптестік, Мемлекеттік қаржыны басқару, Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу, Аймақтық экономика және басқару

**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.

**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. Қалалардың экономикалық дамуының негізгі факторлары мен модельдерін біледі; қаланың салалық нарықтарының, инфрақұрылымының ахуалы, қалалық қаржы жүйесі туралы түсініктің болуы. B. Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін талдайды және болжайды; қала инфрақұрылымын басқару құралдары мен әдістерін меңгереді. C. Қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін стратегияларды әзірлеу әдістемесін меңгереді; қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін анықтап, экономикалық факторларды ескере отырып, оларды шешу үшін негізделген ұсыныстар әзірлеуге икемді болады. D.

Экономикалық мәліметтерді талдап және түсіндіруге, нарық қатысушыларымен, мемлекеттік органдармен, қала азаматтарымен тиімді байланыс орнатуға, қалалық даму стратегияларын талқылауға, әртүрлі мүдделі тараптар арасында өзара тиімді шешімдер табуға, қабілетті. Е.Кәсіби дискуссиялар мен командалық жобалар арқылы тәжірибе жинақтауға, қаланы басқару салдасындағы теориялық білімі мен практикалық дағдысын жетілдіру мақсатында үздіксіз білім алуға ұмтылады

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестер
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты:** мемлекеттік басқару жүйесіндегі бизнес-процестерді түсіну және тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру; студенттерге мемлекеттік органдардың қызметін оңтайландыру, стратегиялық басқару негіздерін меңгеру, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру үшін қажетті білім мен дағдыларды үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің түсінігі және мәні, рөлі мен маңызы анықталады. Қолданыстағы бизнес-процестерді талдау**,** зерттеу және бағалау тәсілдері, жаңа процестерді құру және оларды визуализациялау әдістері үйретіледі. Бизнес-процестерді оңтайландыру және реинжиниринг (процестерді жетілдіру және қайта құру жолдары), сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсетуде ақпараттық жүйелерді енгізу арқылы процестерді автоматтандыру сұрақтары оқытылады. Мемлекеттік басқарудағы сапа менеджменті, яғни қызмет көрсету сапасын бақылау және жақсарту әдістері қарастырылады. Бұл пәнді оқу барысында студенттер мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестерді тиімді басқару, талдау және оңтайландыру дағдыларын меңгереді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға және азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.
**Пререквизиттер:** Мемлекеттік және жергілікті басқару, Заманауи мемлекеттік басқару Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекеттік қызметшілер этикасы, Цифрлық мемлекет, Аймақтық экономика және басқару, Мемлекеттік-жеке әріптестік,
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. Студенттер мемлекеттік басқару жүйесіндегі бизнес-процестердің мәнін, ролі мен маңызын түсінеді. B. Мемлекеттік басқарудағы бизнес-процестерді зерттеу, талдау және бағалау қабілеттерін дамытады. C Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға машықтанады. D. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға және процестерді оңтайландыруға ынталы болады. E. Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік басқару саласында кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың болашақтағы қызметінде тиімді шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Аймақтық жоспарлау және болжау
**Бағдарлама авторы:** Жакупова Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты**: білім алушыларға аймақтық даму процестерін жүйелі түрде талдау, жоспарлау және болжау әдістерін үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курста экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторларды ескере отырып, аймақтардың дамуы кешенді зерттеледі. Аймақтық жоспарлау құралдары мен әдістерін, оның ішінде стратегиялық, тактикалық және оперативті жоспарлау тәсілдері үйретіледі. Аймақтардың болашақ даму үрдістерін ғылыми негізде болжау әдістері игеріледі. Мемлекеттік және жергілікті билік органдарының аймақтық саясаттары талданады және олардың тиімділігі бағаланады. Аймақтық даму стратегияларын құруда экологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік әділеттілікті сақтау қағидалары ескеріледі. Бұл пәнді оқу арқылы студенттер аймақтық

экономиканың ерекшеліктерін, оның дамуын жоспарлау мен болжаудың ғылыми негіздерін меңгеріп, практикалық дағдыларын жетілдіреді.
**Пререквизиттер:** Макроэкономика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Статистика, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Менеджмент және көшбасшылық, Мемлекеттік-жеке әріптестік,
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** А.Аймақтық даму теориялары мен модельдерін біледі; аймақтық жоспарлау және болжаудың негізгі қағидалары мен әдістерін түсінеді; аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарын меңгереді. В.Аймақтың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық жағдайын талдайды; аймақтық даму көрсеткіштерін есептейді және бағалайды; болжау әдістерін қолданып, аймақтық даму перспективаларын анықтайды. С.Аймақтың даму стратегиясын жасайды; аймақтық саясат пен бағдарламаларды әзірлейді; инфрақұрылымдық, әлеуметтік және экономикалық жобаларды жоспарлайды. D.Мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі басқару шешімдерін қабылдайды; аймақтық даму үшін инвестициялық және инновациялық саясатты анықтайды; тұрақты және теңгерімді аймақтық дамуды қамтамасыз ету жолдарын табады. Е.Географиялық ақпараттық жүйелер және экономикалық-математикалық модельдеу құралдарын пайдалана біледі; аймақтық даму бойынша есептер мен болжамдар жасайды; жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шараларды ұсына алады.

## 12.2. Модуль - Мемлекеттік саясаттың тиімділігі

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық жұмыстар
**Бағдарлама авторы:** Игильманова С.И.
**Курсты оқытудың мақсаты**: мемлекеттік басқару жүйесінде ақпараттық және аналитикалық құралдарды тиімді пайдалану қабілетін қалыптастыру; мемлекеттік органдар мен мекемелердің шешім қабылдау үдерісінде ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және оны тиімді қолдану дағдыларын дамыту.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән болашақ мемлекеттік қызметшілерге ақпаратпен жұмыс істеу, оны өңдеу және тиімді шешімдер қабылдау дағдыларын үйретуге бағытталған. Мемлекеттік басқаруда қолданылатын ақпараттық технологиялар мен жүйелердің жұмыс істеу қағидаларын түсіндіреді. Басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін деректерді талдау және интерпретациялау әдістерін үйретеді. Ақпараттық-аналитикалық әдістерді қолдана отырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру жолдарын зерттейді. Мемлекеттік басқаруда ақпаратты пайдалану мен қорғауға қатысты заңнамалық және этикалық нормаларды үйренеді. Нақты жағдайларда аналитикалық есептер құрастыру, талдау жасау және ұсыныстар әзірлеу қабілетін дамытады.
**Пререквизиттер:** Статистика, Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметшілер этикасы, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** А.Мемлекеттік басқаруда ақпараттық және аналитикалық қызметтің мәні мен маңызын түсінеді; мемлекеттік органдардағы деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін біледі. В. Ақпараттық-талдамалық есептерді дайындайды және мәліметтерді жүйелейді. Мемлекеттік саясат пен басқару шешімдерінің тиімділігін бағалау үшін аналитикалық әдістері пайдаланылады. Деректерді өңдеу мен талдау құралдары қолданылады (Excel, SPSS, Power BI және т.б.), Big Data және жасанды интеллект сияқты заманауи технологияларды қолдана алады. С. Мемлекеттік басқару құрылымдарында ақпараттық-аналитикалық процестерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді. D. Шешім қабылдау және стратегиялық

жоспарлау үдерістерін меңгереді, мемлекеттік басқару саласында зерттеу жүргізу және негізделген қорытындылар жасайды. Е.Ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын үнемі жетілдіруге бейім болады.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау
**Бағдарлама авторы:** Басшиева Ж.К.
**Курсты оқытудың мақсаты**: білім алушыларға мемлекеттік саясаттың қалыптасуы, жүзеге асырылуы және оның тиімділігін бағалау әдістері туралы кешенді білім беру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Саясаттану, экономика және басқару ғылымдарындағы негізгі ұғымдар мен модельдер қарастырылады. Мемлекеттік шешімдерді талдау әдістері, құралдары және бағалау механизмдері оқытылады. Мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалау әдістері үйретіледі. Саяси шешімдердің әсерін талдау үшін статистикалық және сапалық мәліметтермен жұмыс жасалынады. Мемлекеттік саясаттың әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау әдістемелері оқытылады.
**Пререквизиттер:** Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану), Макроэкономика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Статистика, Мемлекеттік саясат және басқару, Цифрлық мемлекет, Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. Мемлекеттік саясаттың мәнін, мақсаттарын, құралдарын және қағидаларын түсінеді. B. Мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалауда әртүрлі әдістерді қолдана алады; Мемлекеттік реформалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай алады. Мемлекеттік басқарудағы инновациялық тәсілдерді қолдануға бейімделеді. C. Мемлекеттік шешімдерді дайындау және қабылдау процестеріне қатысуға дайын болады; мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-экономикалық әсерін болжауға қабілетті болады; мемлекеттік саясаттағы мәселелерді анықтап, оларды шешудің балама нұсқаларын ұсынады. D. Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге және қоғаммен байланыс жасауға қабілетті болады. Қоғамдық мүдделер мен мемлекеттік саясаттың өзара байланысын сыни тұрғыда бағалау дағдысына ие болады. E. Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау саласындағы өз білімін жетілдіруге, инновациялық әдіс-тәсілдерін үйренуге бейім болады.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Стратегиялық мемлекеттік басқару
**Бағдарлама авторы:** Жунусов Б.А.
**Курсты оқытудың мақсаты**: білім алушыларға стратегиялық басқарудың теориялық негіздерін, әдістерін және құралдарын меңгерту, оларды мемлекеттік басқару жүйесінде ұтымды қолдануға бейімділіктерін қалыптастыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәнді сәтті меңгеру болашақ мамандарға тиімді мемлекеттік саясат жүргізу, экономикалық дамуды басқару және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Курста стратегиялық басқару ұғымы, мәні, маңызы, стратегиялық жоспарлау мен тактикалық басқару айырмашылығы, ұлттық даму стратегиялары, экономикалық және әлеуметтік даму басымдықтары, инновациялық және технологиялық даму стратегиялары сұрақтары қарастырылады. Стратегиялық басқарудың құралдары мен әдістері, атап айтқанда, SWOT, PEST, GAP-талдау, бенчмаркинг және сценарийлік жоспарлау үйретіледі. Ұлттық және аймақтық даму жоспарлары, ұлттық жобалар, салалық бағдарламалардың мазмұны таныстырылады. Жаһандық трендтер және олардың ұлттық саясатқа әсері зерттеледі. «Қазақстан-2050» стратегиясы, мемлекеттік жоспарлау жүйесі, экономикалық және әлеуметтік реформалар талданады.

**Пререквизиттер:** Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мемлекеттік саясат және басқару, Ұлттық экономиканы антимонополиялық реттеу, Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Мемлекет және көшбасшылық, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер**,** Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру.
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** А. Стратегиялық мемлекеттік басқарудың негізгі теориялары мен тұжырымдамаларын біледі; стратегиялық жоспарлау және болжау әдістерін түсінеді. В. Практикада **с**тратегиялық жоспарлау және талдау құралдарын пайдаланады; мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларымен және жоспарларымен жұмыс жасай біледі. С. Әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру қажеттігін негіздей біледі; стратегиялық бағдарламалар мен даму жоспарларын әзірлеу және бағалау әдістемесін меңгереді. Экономикалық, әлеуметтік және саяси процестерді болжауға және талдауға қабілетті болады. D.Стратегиялық құжаттар әзірлеуде, талдауда, оларды бағалауда әріптестерімен, мемлекеттік басқару органдарының түрлі деңгейлеріндегі мамандармен өзара ынтымақтастық орната біледі; мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын түсіндіру барысында қоғаммен тиімді коммуникациялық байланыста болады. Е.Мемлекеттік басқаруда озық, инновациялық және цифрлық технологияларды қолдануға ұмтылады.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік сектордағы жобалық басқару
**Бағдарлама авторы:** Игильманова С.И.
**Курсты оқытудың мақсаты**: білім алушыларды жобаларды басқарудың заманауи технологияларын игеру, мемлекеттік басқару жүйесінде жобалық басқару әдістерін қолдану арқылы тиімділікті арттыруға, ресурстарды оңтайлы пайдалануға және стратегиялық мақсаттарға жетуге машықтандыру.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқып-үйрену барысында жоба, жобаларды басқару түсінігі, жобаның жіктемесі, өмірлік циклі, қоршаған ортасы, жобаларды басқару процесінің топтары: бастама білдіру, жоспарлау, орындау, мониторинг, бақылау, аяқтау процестерінің топтары, жобаның мазмұнын, ұйымдастырылуын, ұзақтығын, тәуекелін, ресурстарын, құнын және сапасын басқару, жобалау қызметін программалық қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылады. Пәнді оқытуда, оқып-үйренуде жобалық әдіс негізге алынады.
**Пререквизиттер:** Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қаржыны басқару Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Цифрлық мемлекет, Менеджмент және көшбасшылық, Аймақтық экономика және басқару Мемлекеттік-жеке әріптестік, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** А. Шынайы жобаларды құра білу және оларды басқару құралдарын, әдістерін, технологиясын меңгерген. В. Жобалау процестерін басқаруды, жоба құнын, ресурстарын, өзгерістерді, уақытты, жеткізуді, басқару әдіснамасын біледі және оны кәсіби қызмет саласында қолданады; С. Жобаларды басқаруға қатысты ақпараттарды жинап, олады өңдеу; жобаны басқару тиімділігін арттыруға және жобалық менеджментті жетілдіру жолдарына қатысты ұсыныс білдіруге, қорытынды жасауға және оларға негіздеме келтіруге, көтерілген идеяларды дұрыс бағалай білуге, оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті; D. Коммуникациялық қарым-қатынасты орнатады және оны басқара біледі; командамен жұмыс жасайды, команданы басқара алады; өз білімін өз деңгейіндегі әріптестеріне, басшыға, тапсырыс берушіге жеткізе біледі. Е. Жобаларды басқару саласында білімін үнемі жетілдіруге бейім; жобаларды басқару саласындағы стандарттармен, программалармен жұмыс жасау дағдысын жетілдіріп отырады.

## 14.1. Модуль - Ынтымақтастық және тәуекелді басқару

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Коучинг және менторлық
**Бағдарлама авторы:** Бимбетова Б.С.
**Курсты оқытудың мақсаты**: Мемлекеттік органдарда инновациялық коучинг және тәлімгерлік мәдениетін қалыптастыру бойынша білім алушылардың құзыреттіліктерін дамыту; коучингтік және менторлық дағдыларды кәсіби және жеке даму үшін тиімді құрал ретінде пайдалану жолдарын үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** Білім алушыларға жеке және кәсіби дағдыларды жетілдіру, өзін-өзі дамыту және басқаларға көмек көрсету жолдарын үйретеді. Курста коучинг пен менторлықтың теориялық негіздері, қағидалары, олардың арасындағы айырмашылықтар және қолдану аясы, тұлғалық және кәсіби дамудағы рөлі түсіндіріледі. GROW моделі, SMART мақсат қою әдісі, коучингтің деңгейлері мен стильдері, белсенді тыңдау және тиімді сұрақ қою техникасы үйретіледі. Кері байланыс жасау, эмоционалды интеллект, мотивациялау және шабыттандыру әдістері, сенімді қарым-қатынас орнату тәсілдері оқытылады. Білім алушы коучингтік және менторлық кездесулерді ұйымдастыру, мақсат қою және даму жоспарын жасау, нәтижелерді бағалау және даму динамикасын бақылау дағдыларына машықтанады. Олар ұйымдардағы коучинг мәдениетін, қызметкерлерді дамыту және көшбасшылық әлеуетін арттыру жолдарын, командалық коучингті және ұжымдық тиімділікті, коучинг және менторлықтың этикалық аспектілерін зерттейді.
**Пререквизиттері:** Заманауи мемлекеттік басқару, Мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметшілер этикасы Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Менеджмент және көшбасшылық
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. Коучинг және менторлық ұғымдарын, олардың айырмашылықтарын және қағидаларын біледі, менторлықтың түрлерін, ментор менментидің қасиеттерін, дағдыларын ажырата біледі. Коучингтік әңгіме жүргізудің және кері байланыс берудің негізгі модельдерін меңгереді. B. Нақты өмірде және кәсіби жағдайларда коучинг пен менторлық әдістерін қолдана біледі. Коучингтік және менторлық сұхбаттарды жүргізуге қабілетті болады. Белсенді тыңдау, тиімді сұрақтар қою, кері байланыс беру дағдыларына ие. Клиенттің немесе ментидің мақсаттарын анықтайды және оларға жетуге көмектеседі. Кәсіби және жеке даму стратегияларын құра біледі. C. Объективті ой тұжырымдайды, проблемаларға жан-жақты қарайды, оларға және нақты ұйым тәжірибелеріне талдау жасайды. Коучингтік тәсілді қолданып, өз бетінше шешім қабылдай алады, мақсатты дұрыс қоя біледі және оған жету үшін іс-әрекет жоспарын құра алады. D. Эмоционалдық интеллект пен сенімді қарым-қатынас орнатады. Командада жұмыс істейді және басқаларды ынталандыра алады. E. Мансабын жоспарлауға және басқаруға, өзін-өзі дамытуға, өзінің бойында жаңа мүмкіндіктерді ашуға, кәсіби саласында құзыреттілікке және мемлекеттік қызметте үздік нәтижеге қол жеткізуге ынталы болады. Ұйымда коучинг мәдениетін қалыптастыруға үлес қосады. Өзінің кәсіби дамуын жалғастырады және коучинг дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады.

## 14.2. Модуль - Адами ресурстар және тәуекелді басқару

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** Мемлекеттік басқарудағы тәуекел-менеджмент
**Бағдарлама авторы:** Басшиева Ж.К.
**Курсты оқытудың мақсаты**: мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметінде кездесетін тәуекелдерді анықтау, бағалау және оларды басқару әдістерін, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру үшін стратегиялық шешімдер қабылдау барысында тәуекелдерді ескеруді және оларды азайту жолдарын үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Тәуекел ұғымы, оның түрлері және сипаттамалары, бағалау және басқару тәсілдері, мемлекеттік басқаруда тәуекелдерді басқарудың маңыздылығы түсіндіріледі. Мемлекеттік басқарудағы қаржылық, саяси, экологиялық, табиғи, ақпараттық тәуекелдер қарастырылады. Тәуекелдерді сапалық, сандық бағалау және SWOT, PEST, сценарийлік талдау талдау әдістері үйретіледі. Тәуекелдерді басқарудағы халықаралық тәжірибе зерттеледі. Мемлекеттік басқаруда тәуекелдерді азайту стратегиялары, мемлекеттік органдардағы тәуекелдерді басқару жүйелері, тәуекелдерді басқарудағы ақпараттық технологиялардың рөлі, мемлекеттік басқарудағы дағдарыс жағдайлары, антикризистік стратегиялар және іс-шаралар, дағдарысқа қарсы мемлекеттік реттеу құралдары бойынша білім беріледі.
**Пререквизиттер:** Заманауи мемлекеттік басқару Мемлекеттік саясат және басқару Мемлекеттік сектордағы басқарушылық шешімдер, Кросс-мәдени коммуникациялар, Менеджмент және көшбасшылық, Аймақтық экономика және менеджмент, Мемлекеттік-жеке әріптестік, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. Мемлекеттік басқарудағы тәуекелдердің негізгі түрлерін түсінеді. Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың негізгі теориялары мен әдістерін меңгереді. B. Мемлекеттік басқарудағы ықтимал тәуекелдерді талдау, болжау және бағалау дағдыларын игереді. Тәуекелдерді басқару стратегияларын құрады. C. Мемлекеттік басқаруда тәуекелдерді азайту бойынша тиімді шешімдер қабылдайды. Мемлекеттік органдардағы төтенше және дағдарыс жағдайларында іс-әрекет ете алады. Тәуекелдерді басқару шараларының тиімділігін бақылауға және бағалауға қабілетті. D. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында тәуекелдерді басқару бойынша тиімді ынтымақтастық орната алады. E. Тәуекелдерді басқару саласында жауапкершілік алып, басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін үнемі дамытуға бейім. Мемлекеттік басқарудағы тәуекелдерді басқаруда Big Data, AI және басқа да инновациялық технологияларды қолдануға, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақты даму мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді, жаңа әдістерін үйренуге бейім болу.

**Дублин дескрипторлары:** A) B) C) D) E)
**Пәннің атауы:** HR-басқару және аналитика
**Бағдарлама авторы:** Сайымова М.Д.
**Курсты оқытудың мақсаты**: адам ресурстарын тиімді басқару әдістерін, HR-аналитика құралдарын және деректерге негізделген шешім қабылдау тәсілдерін үйрету.
**Пәннің қысқаша мазмұны:** курс адам ресурстарын басқару (HR) саласындағы заманауи тәсілдер мен аналитикалық құралдарды зерттеуге бағытталған. Пәнді оқыту барысында HR-дың ұйымдағы рөлі мен маңызы, стратегиясы мен бизнес-мақсаттарға сәйкестігі, қызметінің негізгі бағыттары қарастырылады. Жұмысқа қабылдау және іріктеу (recruitment & selection), адаптация, қызметкерлерді оқыту, дамыту және ынталандыру, олардың жұмыс тиімділігін бағалау әдістері үйретіледі. HR-аналитиканың маңызы және түрлері, негізгі HR-метрикалар мен көрсеткіштер, деректер негізінде шешім қабылдау, HR-да Big Data және Machine Learning қолдану ерекшеліктері зерттеледі. Ұйымдық мәдениеттің қалыптасуы, көшбасшылық стильдері және олардың HR-басқаруға әсері, қызметкерлердің қанағаттануы мен әл-ауқаты, сандық HR және заманауи технологиялар (HR digitalization және автоматтандыру, HRMS жүйелері, HR Tech), HR-басқарудағы құқықтық аспектілер оқытылады.
**Пререквизиттер:** Мемлекеттік қызмет, Цифрлық мемлекет, Менеджмент және көшбасшылық**,** Мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру
**Постреквизиттері:** Өндірістік практика, Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.

**Оқытудың күтілетін нәтижелері:** A. HR-басқарудың негізгі қағидаттары мен стратегиялары, адам ресурстарын басқарудың заманауи әдістері, ұйымдағы кадрлық процестер және олардың тиімділігі, HR-аналитиканың рөлі мен маңызы туралы түсініктері болады. B. HR-аналитиканың құралдарын пайдалану және деректер негізінде шешім қабылдауға кадрлық процестерді автоматтандыруға және HRM жүйелерін пайдалануға, ұйымның мақсаттарына сәйкес кадрлық саясат жүргізуге, персоналдың тиімділігін бағалау әдістерін қолдануға қабілетті болады. C. Аналитика негізінде кадрлық саясатты жетілдіру және ұйымдық даму стратегияларын әзірлеуге, HR-аналитикаға негізделген шешімдер қабылдауға деректерді жинауға, талдауға және HR-есептерді дайындауға бейім болу. D. Қызметкерлермен жұмыс істеу барысында сенімді ынтымақтастық пен тиімді коммуникацияны орнатуға, мотивациялауға және корпоративтік мәдениетті дамытуға икемді болады. E.Кадрлық жоспарлау және персоналдың өнімділігін арттыру, ұйымдағы еңбек қатынастарын оңтайландыру, жалпы персоналды басқару саласындағы білімін үздіксіз жетілдіреді, жаңа технологияларды меңгеруге ынталы болады. HR саласында стратегиялық ойлау мен аналитикалық қабілеттерді дамытуды көздейді.